

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті

ӘОЖ: 612. 42:612.44

Қолжазба құқығында

КОЖАНИЯЗОВА УЛБОСИН НУРГАЛИЕВНА

**Эксперименталды гипотиреоз кезіндегі организмнің бейімделу және
компенсаторлық реакцияларын қалпына келтіру жолдары**

6D060700 – Биология

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми кеңесші
б.ғ.к.
Шыныбекова Ш.С.
б.ғ.к.,
қауымдастырылған профессор
Абрешов С.Н.

Шетелдік ғылыми кеңесші
б.ғ.д., профессор
Бгатова Н.П.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 ҚАЛҚАНША БЕЗІ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗІНДЕГІ АҒЗА ТЕПЕ-ТЕҢДІГІН САҚТАУДАҒЫ ЛИМФА ЖҮЙЕСІНІҢ РОЛІ.....	13
1.1 Тепе-теңдік бұзылыстары кезіндегі лимфодинамиканың өзгерісі.....	13
1.2 Қалқанша безі қызметінің бұзылыстары және оның ішкі ағзаларға әсері.....	25
1.3 Қазақстанның дәрілік өсімдіктері және тәжірибелік гипотиреоздың алдын - алу мен түзетуге арналған фитопрепараттар.....	33
2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ.....	40
2.1 Биохимиялық зерттеу әдістері.....	41
2.2 Гистологиялық препараттарды дайындау әдістері.....	41
2.3 Электронды микроскопиялық зерттеу әдістері.....	42
2.4 Морфометриялық талдаулар әдістері.....	42
3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ.....	44
3.1 Жануарлардың лимфа ағысына, лимфа және қандағы гормоналдық, биохимиялық көрсеткіштеріне гипотиреоздың әсері.....	44
3.2 Гипотиреоз жағдайында қалқанша безінің морфофункционалдық құрылымдарының өзгерістері және лимфа түйіндерінің атқаратын рөлі.....	52
3.3 Гипотиреоздың лимфа тамырлары мен мойын лимфа түйіндерінің адренергиялық жүйкеленуіне әсері.....	61
3.4 Қалқанша безі мен лимфа жүйесін фитопрепараттармен оңалту кезеңі	67
3.4.1 Түзетуден кейінгі лимфа ағысы, қан және лимфаның биохимиялық көрсеткіштері.....	67
3.4.2 Түзетуден кейінгі лимфа түйіндері мен қалқанша безінің морфофункционалдық құрылымдарының көрсеткіштері.....	75
3.4.3 Түзетуден кейінгі қалқанша бездің, лимфа тамырларының және мойын лимфа түйіндерінің адренергиялық жүйкеленуі.....	87
4 АЛЫНҒАН НӘТИЖЕЛЕРДІ ТАЛДАУ.....	93
ҚОРЫТЫНДЫ.....	103
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	105
ҚОСЫМША А.....	123
ҚОСЫМША Ә.....	136
ҚОСЫМША Б.....	146

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегі нормативтік сілтемелер пайдаланылды:

ҚР МЕМСТ 5.04.034.-2011. ҚР мемлекеттік жалпы міндетті білім беру стандарты. Жоғары оқудан кейінгі білім беру. Докторантура.

МЕМСТ 7.32.-2001. Библиотечалық (кітапханалық) және баспа ісі ақпараттары бойынша стандарттар жүйесі. Ғылыми-зерттеу жұмыстарына есеп беру. Рәсімдеудің құрылымы мен ережелері.

МЕМСТ 4517-87. Реактивтер. Талдау кезінде пайдаланылатын қосымша реактивтер мен ерітінділерді дайындау. Типтері, негізгі параметрлері және өлшемдері.

МЕМСТ 25336-82. Зертханалық шыны ыдыстар мен құралдар.

МЕМСТ 9284-75. Микрокескіндер жасауға арналған заттық шынылар. Техникалық шарты.

МЕМСТ 6672-75. Микрокескіндер жасауға арналған жабын шынылар. Техникалық шарты.

МЕМСТ 24104-2001. Зертханалық таразы. Жалпы техникалық шарттар.

МЕМСТ 6962-67. Этил спирті. Техникалық шарты.

Туре: 655850. Ультрамикротом «Leica EM UC7» (Германия) бөлме температурасында немесе терең мұздату кезінде кесуге арналған жоғары сапалы ультрамикротом.

№ФС 2005\314. Жарық микроскобы «LEICA DME» (Германия), тіркеу куәлігі EM185028-91 U.1/2. Электрондық микроскоп «JEM 1010» (Жапония).

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста төмендегі анықтамаларға сәйкес терминдер қолданылды:

Лимфа жүйесі - жүрек-қан тамырлар жүйесінің бір бөлігі. Лимфа жүйесі арқылы ұлпалардан қантамырларға су, нәруыз, май, зат алмасу өнімдері қайта өтеді. Бұл жүйемен мөлдір, түссіз сұйықтық - лимфа ағады.

Лимфа түйіндері - лимфа тамырларының қосылған жерінде жасушалардың жинақталуынан түзіледі. Олар қантамырлардың айналасында орналасады. Лимфа түйіндері қан түзілу үдерісіне, ағзаның қорғаныш реакциясына қатысып, лимфа ағынын реттейді.

Лимфа тамыры - лимфа жүйесіне жататын, біріктірілген лимфа капиллярларынан тұратын тамырлар, олар арқылы лимфа тіндер мен мүшелерден веноздық жүйеге өтеді.

Қалқанша безі - шеткі ішкі секреция безі, сырты дәнекер ұлпалық қапшықпен қапталған. Қапшықтан қалқанша без ішіне таралатын дәнекер ұлпалы перделіктер без паренхимасын бөлікшелерге бөледі. Бөлікшелер көптеген фолликулдардан (көпіршіктерден) тұрады. Фолликул қуысын құрамында күрделі протеин - тироглобулин болатын қоймалжың зат -коллоид толтырып тұрады.

Мерказолил (mercazolilum) - тәжірибелік гипотиреозды тудырушы антитиреоидты препарат.

Гипотиреоз - қалқанша безі гормондарының жеткіліксіз бөлінуінен туындайтын ауру.

БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

T ₃	- трийодтиронин
T ₄	- тироксин
ТТГ	- тиреотроптық гормон
АЛТ	- аланинаминотрансфераза
АСТ	- аспартатаминотрансфераза
ЛЖ	- лимфа жүйесі
ЛТ	- лимфа түйіні
ҚБ	- қалқанша безі
АҚ	- ақ қазтабан
ҚШПБ	- «Қара шипа плюс» бальзамы

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының жалпы сипаттамасы: Диссертациялық жұмыстың жалпы сипаттамасы «Эксперименталды гипотиреоз кезіндегі организмнің бейімделу және компенсаторлық реакцияларын қалпына келтіру жолдары» негізіндегі ғылыми жұмыс лимфа жүйесінің тәжірибелік гипотиреоз жағдайында оның тасмалдау, компенсаторлық және т.б. қызметтері қарастырылған. Тәжірибелік гипотиреоз жағдайында қалқанша безі және лимфа тамырлары мен түйіндерінің морфологиялық сипаттамасы, лимфаның гормоналды деңгейі мен оның биохимиялық көрсеткіштері зерттелінді. Зерттеу барысында отандық препаратпен қатар, дәрілік шөппен бірлескен әсерін қарастырып, жалпы ағзаны қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Зерттеу жұмыстарында тәжірибелік гипотиреоз жағдайында лимфадағы гормон деңгейі және лимфа тамырлары мен түйіндерінің адренегргиялық жүкеленуі алғаш рет зерттеліп отыр, сондай-ақ сол өзгерістерді жаңа биоактивті препараттарды қолдану негізінде жүргізілген зерттеулерде, олардың жалпы ағза, лимфа жүйесіне және қалқанша безі қызметіне айтарлықтай пайдалы әсер еткенін көрсеттік.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі: Заманауи медициналық-әлеуметтік мәселелердің ішінде ең өзекті тақырыптардың бірі қалқанша безінің патологиясы болып табылады. Қалқанша безінің патологиясы көптеген факторлар мен жағдайларға байланысты: геохимиялық, демографиялық, әлеуметтік-экологиялық және климаттық және т.б. [1, 2]. Гипотиреоз эндокриндік жүйенің ең көп таралған патологияларының бірі болып табылады, бұл ағзадағы қалқанша безінің гормондарының жетіспеушілігі немесе олардың белгілі бір мүшелерге әсерінің төмендеуімен байланысты [3].

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы 10 жылдық мәліметтері бойынша әлемде 200 миллионға жуық адам гипотиреозбен ауырады. Қазақстан Республикасының аумағында топырақта, суда және азық-түлік өнімдерінде йодтың жетіспеушілігі анықталып, гипотиреоз барлық жерлерінде тіркелген. Әсіресе, Батыс өңірінің аймақтарында – Ақтөбе, Атырау, Батыс Қазақстан облыстарында және Алматы облыстарында қалқанша безінің патологиясы эндокриндік жүйе аурулары, оның ішінде бірінші реттік көрсеткішке ие қалқанша безінің патологиясы. Ең қолайсыз жағдай яғни балалар арасындағы гипотиреоз ауруы көп тараған аймақ Атырау облысы. 1993-1994 жж Қазақстандық, ресейлік және американдық ғалымдардың қатысуымен жүргізілген соңғы ірі зерттеу нәтижесінде Қазақстанның оңтүстігінде туа біткен гипотиреоздың жоғары жиілігі 6-7% болатындығын көрсетті. 2000 жылдан бері Қазақстан аумағындағы гипотиреоз мөлшері 7,2 % - ға өскен [4].

Гипотиреоз негізгі метаболизмнің төмендеуімен бірге жүреді, осыған байланысты ақуыздар, майлар мен көмірсулар алмасуы, өсудің баяулауы байқалады және тез шаршауға, жүйке жүйесінің тұрақтылығының төмендеуіне, баяу қозғыштыққа, инфекцияларға төзімділіктің төмендеуіне әкеледі [5].

Таралуы бойынша гипотиреоз барлық эндокриндік аурулар арасында алғашқы орындардың бірін алады және оның таралуы жасына қарай артады. Қалқанша безінің гипофункциясына тән клиникалық симптомдардың әртүрлілігі негізінен қалқанша безінің гормондарының жетіспеушілігімен байланысты метаболикалық процестердің бұзылуымен байланысты. Ағзаның эндокриндік, иммунологиялық, энергетикалық бұзылысын, қалқанша безінің патологиясы кезінде байқауға болады [6].

Гипотиреозда тотығу гомеостазының механизмдерінің бұзылыстары дамитыны анықталды. Зерттеулер көрсеткендей, гипотиреоз малатдегидрогеназаның, глутаматдегидрогеназаның, глюкоза-6-фосфатдегидрогеназаның, аргиназаның ферментативті белсенділігін және сукцинатдегидрогеназаның белсенділігін төмендетеді [7]. Қалқанша безі симпатикалық және парасимпатикалық жүйке талшықтарына бай, бірақ тікелей жүйке импульстарының фолликулалардың белсенділігіне әсері аз және тиротропиннің гуморальды әсерімен бірлесе жүреді. Алайда, мойны симпатикалық ганглиясының тітіркенуі немесе адренергиялық заттардың әсер етуі әлсіз, бірақ йодталған қалқанша безінің гормондарының түзілуі мен оған жауаптың қайтарылуы сенім тудырғанмен, өз кезегінде қан тамырларының тарылуы және қан ағымының төмендеуі қалқанша безі арқылы өтетіндігі байқалады [8].

Симпатикалық жүйке жүйесі қан сарысуындағы қалқанша безінің гормондарының деңгейін және олардың бауыр жасушаларындағы метаболикалық белсенділік деңгейін реттейтін дененің маңызды жүйелерінің бірі болып саналады. 6-гидрокситриптамин мен резерпиннің химиялық симпатэктомиясы екі гормонның - тироксиннің (Т4) және трийодтирониннің (Т3) төмендеуіне әкеледі, бірақ бұл ретте ТТГ шамасы артады [9]. Әдебиеттерде қалқанша безінің адренергиялық иннервациясы туралы жанама деректер ғана кездеседі [10].

Лимфа жүйесі қан-ұлпа-лимфа-қан гуморальды тасымалдау тізбегінің негізгі буындарының бірі болып табылады [11] және тиреоид жеткіліксіздігі кезінде ағзада тепе-теңдікті сақтауда рөлі маңызды екенін ескерген жөн. Жалпы лимфа түйіндері гуморальды және жасушалық иммунитеттерді қалыптастыруда маңызды рөл атқарады [12]. Лимфа түйіндерінің ең маңызды және әмбебап қызметтерінің ішінде олардың орналасуына және мүшелік тиесілілігіне қарамастан, олардың ағзадағы гемопэтикалық және иммунопэтикалық, қорғаныш және фильтрациялық рөлі ерекше ерекшеленеді. Лимфа жүйесінің және оның лимфоидты мүшелерінің рөлі, адам ағзасына қоршаған ортаның теріс факторлары әсер еткенде ағзаның қорғаныс реакциялары биологияда аса терең зерттелмеген мәселелердің бірі болып табылады. Әдебиеттерден, қалқанша безді қанмен қамтамасыз ететін артерияның тамыр қабырғасының адренергиялық жүйкеленуі туралы ақпараттар алу мүмкін болмады [13].

Осылайша, гипотиреоз қалқанша безінің бір органында оқшауланбаған процесс, гипотиреозға шалдыққан кезде бүкіл ағзада патологиялық өзгерістер

орын алады. Гипотиреоз кезіндегі лимфа түзілу процестерінің жағдайы, лимфа тамырларының жиырылуы, қалқанша бездің және лимфа тамырлары мен түйіндерінің адренергиялық иннервациясы немесе оның жүйкеленуі туралы ғылыми әдебиеттерде деректер өте аз. Дегенмен, қалқанша безінің жеткіліксіздігінде лимфа тамырлары мен түйіндерінің рөлі мен функционалдық жағдайы әлі зерттелмеген.

Соңғы онжылдықта йод тапшылығынан болатын ауруға шалдыққандар саны күрт өсті. Денеге йодтың жеткіліксіз түсуіне байланысты жүрек-қантамыр, жүйке және басқа жүйелердің патологиялық аурулардың түрі көбейді. Қазіргі жағдайда адамдар үшін йодты, оның негізіндегі қосылыстарды қосымша пайдалану дененің қорғанысын тиімді арттыратын құрал ретінде өте маңызды болып отыр [14].

Әлемде бойынша қалқанша безінің ауруларын алдын алу немесе түзету әдістері туралы идеяны жаңарту, өзгерту өзекті мәселеге айналуда. Қазіргі таңда заманауи препараттардың қоры аурудың шиеленісін тоқтатуға мүмкіндік береді. Осы уақытта мұның бәрі дәрілік өсімдіктердің мүмкіндіктерін мақсатты түрде зерттеу қажеттілігін алдын ала анықтайды. Лимфотропты дәрілік өсімдіктерден алынған препараттарды қосымша микроэлементтер көзі ретінде түзету немесе профилактикада пайдалануға болады. Осылардың ішінде дәрілік шөптен алынған препараттарды қолданудың болашағы зор болып табылады, өйткені олар айтарлықтай айқын иммуномодуляциялық және түзетуші әсерге, төмен уыттылыққа және тұтастай алғанда бүкіл ағзаға әсер ететін биологиялық белсенді заттар кешенінің болуымен сипатталады [15].

Биология мен медицинаның жоғары жетістіктеріне қарамастан, ғылыми негіздеу және қалқанша безінің бұзылуының алдын алу мен оңалтудың фармакологиялық емес құралдарын іздеу әлі де өзекті болып табылады. Қазіргі кезеңде ағзаға лимфа жүйесінің функциялары арқылы бар лимфатропты заттарды жаңа платформада қолдану арқылы кең түрде әсер ету туындауда және қолдану әдістерін өзгертудің қажеттілігі туындауда.

Қазіргі таңда, лимфа жүйесі мен қалқанша безінің бұзылыстары кезіндегі мұндай зерттеулер әлі күнге дейін жүргізілген жоқ, яғни ағзадағы өзгерістерді алдын алу немесе түзетуге ғылыми негіздемесіз препараттарды қолдану мүмкін емес. Қалқанша безінің алдын алу немесе түзетудің балама әдістерін іздеу бізге өзекті және үлкен практикалық маңызды болып көрінеді. Йод тапшылығының алдын алу үшін қолданылатын витаминді-минералды кешендердің құрамын неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеу және йод тапшылығы бұзылыстарында қалқанша безінің жұмысын қалпына келтіру үшін тиімді дәрілік препараттар мен оны қолданудың әдістер жасау өзекті болып табылады.

Зерттеу жұмысының мақсаты: эксперименталды гипотиреоз жағдайында қалқанша безінің және лимфа тамырлары мен лимфа түйіндерінің морфофункционалды жағдайын, лимфа мен қанның гормоналдық деңгейін және биохимиялық көрсеткіштерінің өзгерістерін зерттеу және оларды қалпына келтіру жолдарының әдістерін әзірлеу.

Зерттеу жұмысының міндеттері:

1. Қалқанша безі қызметінің бұзылыстары және оның ішкі ағзаларға әсерін анықтап, тәжірибелік гипотиреоздың алдын - алу мен түзетуге арналған Қазақстандық емдік қасиетке ие фитопрепараттарына талдау жасау.

2. Қалқанша безінің морфофункционалдық, гормондық жағдайын тиреоидтық жетіспеушілік және түзетуден кейінгі кезеңдегі жағдайын зерттеу.

3. Тәжірибелік гипотиреоз және түзетуден кейінгі кезеңдердегі лимфа ағысы, мойын лимфа түйіндерінің құрылымдық-функционалдық аймақтарының арақатынасының өзгеруін анықтау.

4. Тәжірибелік гипотиреоз және түзетуден кейінгі кезеңдердегі қалқанша безінің, лимфа тамырлары мен мойын лимфа түйіндерінің адренергиялық жүкеленуіндегі өзгерістерін анықтау.

5. Гипотиреоз кезіндегі лимфа жүйесі мен қалқанша бездің қызметі бойынша ғылыми жұмыстардың нәтижелері және оларды түзету әдістері ЖОО-дағы биология және физиология пәндерінің оқу бағдарламасына ұсыну.

Зерттеу нысандары. қалқанша без, лимфа, лимфа тамыры, мойын лимфа түйіні.

Зерттеу әдістері. Тәжірибелік гипотиреоз тудыру үшін SpragueDawley (SD) тұқымды аталық егеуқұйрықтарға ауыз суымен антитиреоидты препараты мерказолил (mercazolilum), халықаралық патенттелмеген атауы: 71/273/23 тіркеу нөмірі бар тиамазол енгізілді. Қалқанша безінің бұзылыстарын түзету үшін егеуқұйрықтың дене салмағына 2 мкг/100 г мөлшерінде ұнтақ түріндегі йоды бар биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамы және 50 мл/100г мөлшерінде ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) қайнатпасы берілді. Трийодтиронин – Т3, тироксин – Т4 және тиреотропты – ТТГ гормондардың лимфадағы және қандағы концентрациясы IMMUNOTECH (Чехия) өндірісінің нұсқауларына сәйкес стандартты сынақ жүйесін пайдалана отырып, электрохимиллюминесценттік әдіспен анықталып, алынған сынамаларды «COBOS INTEGRA 400» (АҚШ) анализаторында қаралды. Егеуқұйрықтардың бақылау және тәжірибелік топтарында лимфа ағысының жылдамдығы және оның реологиялық қасиеттері зерттелінді. Барлық топтағы егеуқұйрықтардың лимфа және қанының ұю уақыты Сухарев бойынша, лимфа мен қанның тұтқырлығы ВК-4 вискозиметрі арқылы анықталды. Биохимиялық талдаулар «Bio-Lachema-Test» стандартты биохимиялық талдау жинақтары арқылы «COBOS INTEGRA 400» (АҚШ) автоматты биохимиялық анализатормен анықталды. В.А. Говыриннің модификацияланған Фальк әдісімен қалқанша безі мен лимфа тамырларының, лимфа түйіндерінің адренергиялық жүкеленуін, ұлпалардағы катехоламиндерді арнайы гистохимиялық флуоресцентті-микроскопиялық әдісті қолдану негізінде флуоресцентті фотокамералы Vision 300 (Австрия) микроскоп арқылы зерттелді. "Leica EM UC7" (Leica Microsystems, Германия) ультратомында қалыңдығы 50-70 нм болатын жартылай жұқа (1мкм) және ультра жұқа тілімдер жасау арқылы қалқанша безі мен лимфа түйіндерінің морфологиясы зерттелінді. Жарық микроскоп Leica DME (Германия), трансмиссиялық электронды микроскоп JEOL 1400

(Жапония), морфометриялық талдау ImageJ (Wayne Rasband, АҚШ) және статистикалық мәліметтерді өңдеу, талдау Statistica 6.0 (StatSoft, АҚШ)-мен жүзеге асырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы.

1. Тиреоидтың жеткіліксіздігі кезінде лимфа жүйесінің және қалқанша безінің морфофункционалды жағдайы анықталып, зат алмасу және кантамырлар бұзылысының түзету әдісі жасалды.

2. Гипотиреоздың дамуы лимфа мен қандағы тиреотропты гормонның (ТТГ) жоғарылауына және қалқанша безінің гормондары трийодтиронин (Т3) және тироксин (Т4) мөлшерінің төмендеуіне әкелді. Қалқанша безінің және мойын лимфа түйіндерінің ұлпаларында адренергиялық жүйке тарамдарында өзгерістер байқалды және лимфаның гормоналды және биохимиялық құрамының бұзылуы анықталды.

3. Гипотиреоз және түзетуге арналған препараттарды қолданғаннан кейінгі кезеңдерде, қалқанша безі мен лимфа түйінінің құрылымдарының сандық және сапалық белгілерінің қайта қалыптасуы, қалқанша безі мен лимфа түйінінің арасындағы байланысты көрсетті. Гипотиреозға шалдыққан қалқанша безі мен лимфа жүйесінің морфофункционалды, құрылымдық және микрогемодинамикалық өзгерістеріне және лимфа мен қан плазмасының гормондық және биохимиялық көрсеткіштеріне ұнтақ түріндегі йоды бар биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамы мен ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) тамырының қайнатпасы қорғаныш және антиоксиданттық әсер еткені анықталды.

4. Алғаш рет, тәжірибелік гипотиреоз кезінде қалқанша безінің лимфа аймағы, оның ішінде қалқанша безі, мойын лимфа түйіні және қалқанша безімен түйінді байланыстыратын афферентті және эфферентті лимфа тамырлары морфологиялық қайта құрылымға ұшырады және осы өзгерісті «Қара шипа плюс» бальзамы мен ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) қалпына келтірді, бірақ қалқанша безіне қарағанда лимфа тамырлары мен түйіндерінің қалпына келуі жылдамырақ болды.

Зерттеудің теориялық және практикалық маңыздылығы

Жұмыстың нәтижелері теориялық және тәжірибелік маңызы бар және фундаментальды лимфология мен физиологияға елеулі үлес қосады. Алынған мәліметтерде эксперименталды гипотиреоз кезіндегі лимфа жүйесінің механизмі қарастырылды. Қалқанша безі ауруына әзірленген түзету әдісі, биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамы және ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) тамырының қайнатпасы эксперименталды гипотиреоз кезіндегі лимфа жүйесінің құрылымы мен қызметіне жақсы әсер етті. Гипотиреоз кезіндегі лимфа жүйесі мен қалқанша бездің қызметі бойынша ғылыми жұмыстардың нәтижелері және оларды түзету әдістері Абай атындағы ҚазҰПУ (іске асыру актісі 2021-2026), І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне (іске асыру актісі 2021-2022 жж.) және ұсынылды.

Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар

1. Гипотиреоз – Қазақстанда жиі кездесетін, қалқанша без гормондарының концентрациясының төмен болуына байланысты ауру. Диссертацияда қалқанша безінің ауруларына арналған Қазақстандық дәрілік өсімдіктеріне талдау жасалып, оның ішінде гипотиреозға баса назар аударылды.

2. Эксперименттік гипотиреоз кезінде егеуқұйрықтардың қалқанша безінің айқын өзгерістері лимфа мен қан плазмасындағы гормондарының концентрациясының бұзылысына алып келді: ТТГ – тиреотропты гормонның жоғарылауы, трийодтиронин – Т3 және тироксин - Т4 деңгейінің және қалқанша безі қызметінің төмендеуіне байланысты. Біз ұсынған жаңа композиция «Қара шипа плюс» бальзамы мен ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) негізінде қалқанша безінің микроқұрылымы мен қызметін қалпына келтіріп, ағзаның гормоналды жағдайын қалыпқа келтірді.

3. Тәжірибелік гипотиреоз кезінде егеуқұйрықтар ағзасындағы лимфа айналымының, негізгі тамырлар арқылы лимфа ағысының төмендеуі және лимфа мен қанның реологиялық қасиеттерінің нашарлауы байқалды. Гипотиреоз кезінде организмдегі метаболизмнің барлық түрлері: липидтер, ақуыздар, көмірсулар, су және минералдар бұзылады. Жаңа композицияны қолдану лимфа жүйесінің микроқұрылымын қалпына келтіруге және оның құрамы мен жетілген лимфоциттер мен плазмалық жасушалардың тығыздығының артуына әкелді.

4. Эксперименттік гипотиреоз қалқанша бездің және аймақтық лимфа тамырлары мен түйіндерінің қабырғаларында адренергиялық иннервацияның бұзылуына әкелді. «Қара шипа плюс» бальзамы мен ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) тұратын жаңа композиция қалқанша безінің тамырларындағы, сондай-ақ аймақтық лимфа түйіндеріндегі және лимфа тамырларының қабырғаларындағы адренергиялық жүйке талшықтарының желісін қалпына келтірді.

Жұмыстың мемлекеттік ғылыми зерттеу бағдарламаларымен байланысылығы. Жұмыс ҚР БҒМ ҒК Адам және жануарлар физиология институтының лимфа жүйесі физиологиясы лабораториясында 2018-2020 жылдар аралығындағы гранттық қаржыландыру зерттеулер негізінде – «Эксперименталды гипотиреоз кезіндегі организмнің бейімделу және компенсаторлық реакциясына лимфа жүйесінің ролі және қалқанша безі қызметінің бұзылуын қалпына келтіру жолдары» атты тақырып (мемлекеттік тіркелу № АР05132991) бойынша орындалды.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау.

Диссертация бойынша 15 ғылыми мақала жарияланды және «Қазақстан Республикасы Қазақ физиологиялық қоғамының VIII конгресі» Халықаралық конференциясында баяндалды (Алматы, 2018 ж.); II Бірлескен ғылыми форум. ТМД физиологтарының VI конгресі (Сочи-Дагомьс, 2019 ж.); Физиология институтының 95 жылдығына арналған «Интегративті физиология» халықаралық қатысуымен Бүкілресейлік конференция. И.П. Павлов атындағы Ресей ғылым академиясы (Санкт-Петербург, 2020 ж.); Ғылым мен практиканың даму тенденциялары. XV Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция

тезистері (Мадрид, Испания, 2021); Физиологтардың, биохимиктер мен молекулалық биологтардың III бірлескен ғылыми форумы. ТМД елдері физиологтарының VII съезі. Ресей биохимиктерінің VII конгресі «Белоктар мен пептидтер» X Ресейлік симпозиумы. Ғылыми еңбектер. Редакторлары Р.И. Сепиашвили мен М.А. Островский. (Сочи – Дагомыс, 2021); Академик Ю.И. Бородинды еске алуға арналған «Лимфология: іргелі зерттеулерден медициналық технологияларға дейін» XIV халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Новосібір, 2021 ж.); «Ғылымдар интеграциясы: биофизика, биомедицина, неврология» I Халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Алматы, 2022 ж.) және академик Ю.И. Бородинды еске алуға арналған «Лимфология: іргелі зерттеулерден медициналық технологияларға дейін» XIV халықаралық ғылыми-практикалық конференция (Новосібір, 2023 ж.)

Зерттеу нәтижелері бойынша жарияланымдар: диссертациялық жұмыстың мазмұны бойынша жарияланған мақалалардың жалпы саны – 15. Оның ішінде 1 мақала Scopus базасына енгізілген басылымда (Q3 және пайыздық көрсеткіші 35); 1 Web of Science базасына енген журналда жарияланғанды (квартиль Q2); 3 мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті бекіткен басылымдарда; шетелдік журналда 1; 8 мақала халықаралық және Қазақстанның Республикасы ұйымдастырған халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларында; 1 монография жарияланды. Барлық жарияланымдар жүргізілген зерттеу барысында дайындалған.

Автордың жеке үлесі. Зерттелетін мәселеге қатысты әдеби деректерге талдау, жұмыстың мақсат - міндеттерін анықтау, тәжірибелік зерттеулерді жүргізу, нәтижелерді статистикалық өңдеу және талдау, диссертацияны жазу мен қол жазбаны рәсімдеу автордың жеке қатысуымен орындалды.

Жұмыстың көлемі мен құрылымы: диссертациялық жұмыстың құрамына негізгі 146 бет, нормативтік сілтемелер, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, үш бөлім, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі – 225, кесте – 9, суреттер – 28 және қосымшалар.

1 ҚАЛҚАНША БЕЗІ ӨЗГЕРІСТЕРІ КЕЗІНДЕГІ АҒЗА ТЕПЕ-ТЕНДІГІН САҚТАУДАҒЫ ЛИМФА ЖҮЙЕСІНІҢ РОЛІ

1.1 Тепе-теңдік бұзылыстары кезіндегі лимфодинамиканың өзгерісі

Лимфа жүйесі жүрек-қантамырлар жүйесінің бір бөлігі ретінде ұлпаларда зат алмасуына, су мен макромолекулалардың ұлпалардан қанға тасымалдануына, ішектен әртүрлі заттардың сіңірілуіне және иммунобиологиялық реакцияларға және т.б. қатысады. Мұның бәрі лимфа жүйесінің организмдегі тепе-теңдігінің сақталуында маңызды рөл атқарады [16]. Көптеген зерттеулер көрсеткендей лимфаның түзілуі, лимфа айналым үдерістерін реттеудің нейрогуморальды механизмдері, басты және мүшелік лимфа тамырларының функционалдық ерекшеліктері, сондай-ақ қалыпты және патологиялық жағдайларда олардың өздігінен жиырылу белсенділігі анықталды [17,18].

Лимфа жүйесі лимфа түйіндері, бадамша бездер, тимус және көкбауыр сияқты лимфоидты мүшелерді байланыстыратын тамырлар желісінен тұрады. Веноздық айналыммен қатар лимфа жүйесінің негізгі қызметі қан капиллярларынан тіндік кеңістіктерге ағып жатқан артық интерстициальды сұйықтықты ағызып жіберу болып табылады. Басқа функцияларға ішек майын сіңіру, иммундық бақылау және қабынуды жою кіреді. Лимфа сұйықтығы иммундық жауап беру үшін әртүрлі антигендер мен антигенді ұсынатын жасушаларды лимфа түйіндеріне тасымалдайды. Құрамында липидтер, иммундық жасушалар, макромолекулалар және сұйықтық бар лимфа алдымен соқыр біріншілік немесе капиллярлық лимфа тамырларымен жиналады, ол, өз кезегінде, үлкен лимфа тамырларына ағады, яғни жинағыш ыдыстар немесе коллекторлар. Бастапқы лимфа тамырларынан айырмашылығы, жинайтын лимфа тамырлары тегіс бұлшықет жасушаларының және бір бағытты ағынды қамтамасыз ететін және қолдайтын люминальды қақпақтардың айналмалы жабынына ие [19].

Лимфа жүйесі сұйықтық гомеостазын сақтауда және иммундық жасушалар мен биомолекулаларды, мысалы, диеталық май, метаболизм өнімдері және антигендерді әртүрлі органдар мен тіндерге тасымалдауда маңызды рөл атқарады. Демек, лимфа тамырларының дисфункциясы немесе лимфа тамырларының жеткіліксіздігі адамда көптеген ауруларға әкелуі мүмкін. Лимфа жүйесі, лимфалық капиллярлық торлары, лимфа тамырлары және лимфа түйіндері көптеген патологиялық процестерге қатысады, олар: әртүрлі этиологиялардың шоктар, қабынулар, аллергиялық, сондай-ақ организмнің бейімделумен қайта құрылымы [20].

Лимфа жүйесі қан-ұлпа-лимфа-қан гуморальды тасымалдау тізбегінің негізгі буындарының бірі болып табылады [21-22] және қазіргі кездегі лимфа жүйесі қалқанша безінің жеткіліксіздігі кезінде организмдегі гомеостазды сақтаудағы рөлі маңызды екенін ескерген жөн.

Лимфа түйіндері гуморальды және жасушалық иммунитетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратыны белгілі [23]. Лимфа түйіндерінің ең маңызды және әмбебап функцияларының ішінде олардың орналасуына және

мүшелерге тиесілілігіне қарамастан, олардың ағзадағы қан жасау және иммунопoэтикалық, қорғаныш және фильтрациялық ролі ерекше ерекшеленеді.

Лимфа түзілу процестерінің ерекшеліктері, плазма ақуыздарының сүзілу және резорбциялануының біріншіден түйіндік лимфаның түзілуіндегі ролі, құрылымдық элементтердің қатысуы және лимфа тамырлары қабырғаларының жиырылу белсенділігі лимфа тасымалдануында көрсетілген [22].

Жүйелі лимфа айналымының үздіксіздігі организмнің тепе-теңдігі мен сүтұзды балансын сақтауда маңызды екені анықталды. Лимфа жүйесінің компенсаторлық қызметі ұлпалардың тепе-теңдігін сақтауда маңызды рөл атқарады, ол заттардың және судың капиллярлар арқылы әртүрлі тамыр бассейндеріне массалық тасымалдануын реттеуде көрінеді.

Темір сахаратын лимфа түйіннің синустарынан қанға лимфаның сұйық бөлігінің физиологиялық «құйылуына» өткізгіштік белгісі ретінде пайдалану кезінде дәлелденді, нәтижесінде эфферентті лимфа көлемі енген афферентті лимфадан аз болады [22].

Омыртқалылардың эволюциялық даму процесінде лимфа тамырларының дербес жиырылу белсенділігі және олардың тасымалдау қызметінің нейрогуморальды реттелуінің рөлінің жоғарылауы анықталды. Лимфа түйіндері кейінірек пайда болған омыртқалы жануарларда, құстарда 2 жұп қарапайым лимфоидты мүшелер түрінде берілген және одан әрі сүтқоректілерде дамыған. Лимфа тамырлары мен түйіндерінің жиырылу белсенділігі бұлшықет элементтерінің болуына, дамыған афферентті және эфферентті иннервацияға немесе олардың жүйкеленуіне байланысты [23].

Қойдың үстіңгі мойын лимфа түйінінің капсуласында көп мөлшерде миоциттерден тұратын қалың бұлшықет-дәнекер тіндік жіптер табылған. Егеуқұйрықтарда лимфа түйіндерінің капсуласында бұлшықет элементтері табылған [24].

Мысықтар мен егеуқұйрықтардың лимфа түйіндері түйін капсуласында, трабекулаларда, түйінді қоректендіретін қан тамырларының бойында және оның басқа бөліктерінде өрім және жалғыз жүйке талшықтары түрінде бейнеленген адренергиялық және холинергиялық иннервациямен қамтамасыз етілген [25].

Тәжірибелік зерттеулерде егеуқұйрықтардағы кеуде түтігінің лимфангиондарының фазалық жиырылуының амплитудасы оның қабырғаларының бұрынғы созылу шамасына байланысты екені анықталды [26]. Егеуқұйрықтардағы мезентериялық лимфа тамырларының оқшауланған микролимфагиялық жиырылуын қоздыруда жасушаішілік кальций қорының және тамырішілік қысым деңгейінің ролі маңызды.

Егеуқұйрықтың кеуде арнасындағында лимфангиондар мен мен ішек бағаналары, сондай-ақ адамның аяқ-қолының лимфа бездерінде фазалық белсенділіктің авторитмиялық жүзеге асыруы, тамыр соғуының сақталуы анықталды [27].

Адреналиннің, ацетилхолиннің және гистаминнің әртүрлі дозаларының әсерінен ірі қара малдың мезентериясының лимфа тамырларының [28, 29],

егеуқұйрықтардың кеуде өзегінің және пекин үйректерінің мойын лимфа тамырларының оқшауланған сегменттерінің тоникалық жиырылуы байқалды, бұл заттардың қан тамырларының тегіс бұлшықеттеріне әсерін жүзеге асыруға сәйкесінше адренорецепторлардың, М-холинергиялық рецепторлардың және Н1- және Н2-гистаминдік рецепторлардың қатысуы анықталды [28].

Лимфа және қан тамырларының тонусын реттеуде эндотелиальды босаңсыту факторларының қатысуы омыртқалы жануарлардың ішіндегі қосмекенділерден сүтқоректілерге қарай жоғарылайды [30].

Ірі қара малдың мезентериальды лимфа тамырларын тиролиберинмен, лидазамен және терридеказамен перфузиялау жағдайында лимфангионның жиырылу жылдамдығына және минуттық көлеміне дозаға тәуелді әсері анықталды. Лимфангиондардың жиырылуына ионотропты және хронотропты әсерлері осы заттардың дозасына байланысты болды [27].

Диаметрі 50-ден 270 мкм-ге дейінгі егеуқұйрықтардың мезентериясының лимфалық микроатамырларында өздігінен фазалық белсенділік пен лимфа ағыны қалыпты жағдайда және N-нитро-L-аргинин мен диметилсульфоксидті (30% ерітінді) жергілікті қолдану арқылы зерттелді. Бұл қосылыстар микроатамырларға қолданылған кезде лимфангиондардың фазалық белсенділігін және жергілікті лимфа ағынын күшейтті [31].

Ғалымдар ұзақ уақыт бойы лимфа жүйесінің ағзадағы әртүрлі патологиялық процестердегі рөліне қызығушылық танытты. Көкіріңді таяқша, Кох бактериялары сияқты әртүрлі бактериялық филтраттардың әсерінен лимфа ағынының жоғарылауы байқалды. Микробтар мен олар түзетін токсиндер тіндерден лимфа арқылы жуылып, лимфа жүйесі арқылы қанға түсетіні дәлелденген. Түйіннен кейінгі лимфада микроорганизмдер санының айтарлықтай төмендеуі байқалды. Бұл процесте лимфа түйіндері механикалық және биологиялық сүзгі қызметін атқарады, яғни микробтардың бір бөлігі осы жерде кідіреді [32, 33].

Токсикоздың алдын алуда, емдеуде және ағзаны сауықтыруда лимфа жүйесінің саногендік және детоксикациялау қызметі үлкен рөл атқарады [34]. Лимфоидты түзілімдерде тұрақты табиғи лимфа детоксикациясы, адсорбция, фильтрация, эндо- және экзоцитоз, заттардың биотрансформациясы және антигендік материалды иммундық өңдеу процестері арқылы жүзеге асатындығы анықталды [35].

Ауыр эндотоксикоз жағдайында лимфа тасымалының бұзылуында парез құбылысы немесе, керісінше, ірі лимфа жолдарының спазмы маңызды рөл атқарады. Уытты ортаның әсері лимфа тамырларының жиырылуы немесе кеңеюі аясында перистальтикалық қозғалыстарға қабілеттілігін төмендетеді [36].

Іріңді перитонит және құрсақ қуысының паренхимальды мүшелерінің аурулары кезінде кеуде өзегі лимфасының құрамында үлкен өзгерістер анықталды, билирубин, жалпы белок тіндерден қанға лимфа жүйесі арқылы түсетіні және некроздық ұлпалардың ыдырауы өнімдерінің көп мөлшері (креатинин, аммиак, несеп қышқылы, қалдық азот) анықталды [37].

Жедел улану кезінде лимфогональды препараттарды инфузия арқылы клиникада лимфостимуляцияны қолдану организмнен токсиндерді жылдам шығаруға және науқастың жағдайын жеңілдетуге ықпал етті [38].

Глюкозаны егеуқұйрықтарға тамыр ішіне енгізгенде лимфа ағынының жоғарылауы байқалды. Ішектерді глюкоза ерітіндісімен толтырған кезде глюкозаның ішек саңылауынан лимфаға сіну жылдамдығының жоғарылауы және лимфа бөлінуінің жоғарылауы анықталды [39].

Физиологиялық ерітіндіні көктамыр ішіне енгізу лимфа ағынының күшеюін, интерстициальды сұйықтықтың түзілуін, судың және жасушааралық кеңістікте орналасқан қан плазмасының ақуыздарының лимфа жүйесіне резорбциясын жоғарылатты [40]. Плазма ақуыздарының жасушааралық кеңістіктен қанға түсуі қандағы және жасушааралық кеңістіктегі ақуыз концентрациясының градиентін сақтайды [41]. Кеуде қуысы жүйесінде жедел лимфогипертензияның пайда болуы су-тұз алмасуын реттеудің нақты механизмдерінің жоғарылауымен бірге жүреді.

Көптеген зерттеушілер резорбция процестеріне және шок кезіндегі лимфа жүйесінің рөліне назар аударды. Шок жағдайында (турникет, травматикалық, геморрагиялық) ағзаға қан капиллярларына түсетін заттардың резорбциясының баяулауы және олардың лимфа жүйесіне сінуінің жылдамдауы, кеуде түтігіндегі лимфа ағынының жылдамдығының жоғарылауы болып табылады [42]. Бұл жағдайда лимфа түйіндері лимфа және қан арналары арасында ақуызды қайта таратушы рөлін атқарады. Анафилактикалық және эндотоксиндік шоктың бастапқы кезеңдерінде лимфа ағымының жылдамдығының жоғарылауы оның патогенезінде қорғаныс және бейімделу реакциясы болып саналады.

Иттерде омыртқа шоқымен лимфа жүйесінің функционалдық жеткіліксіздігі байқалды. Шок кезінде лимфа жүйесінің резорбциясының, тасымалдануының төмендеуі және тұндыру функциясының жоғарылауы фактілері анықталды. Ұзақ уақытқа созылған қысу және күйік әсері лимфа жүйесінің тамырларында резорбцияланып, аймақтық лимфа түйіндеріне енетін тіндердегі жасушалық элементтердің және интерстициалды жасушадан тыс құрылымдардың қарқынды ыдырауымен бірге жүреді. Бұл тіндердің ыдырау өнімдерінің организмде одан әрі қолданылуы детоксикацияның бірінші деңгейінің қорғаныс механизмінің деңгейіне байланысты [43]. Бұл жағдайда құрылымдар әртүрлі деңгейдегі лимфоидты органдар болып табылады. Бұл лимфоидты тіннің тіндік жинақталуы және әртүрлі сатыдағы лимфа түйіндері. Егеуқұйрықтарының артқы аяқтарының ұзақ қысылуы тері асты лимфа түйіндерінде патологиялық өзгерістерге, атап айтқанда жасушалық құрамның өзгеруіне әкелді.

Иттерге жүргізілген тәжірибелерде қанның жедел жоғалуы лимфа ағынының екі фазалы ығысуына, атап айтқанда лимфа ағынының және белоктың тасымалдануының төмендеуіне, кейін олардың көбеюіне әкелетіні анықталды [44]. Төменгі сатыдағы омыртқалылар мен құстарда жедел қан жоғалту кезінде лимфа ағымының жоғарылауы және қан плазмасының

жоғалған көлемін толтыру үшін жасушадан тыс сұйықтықтың мобилизациясы байқалды [45].

Веноздық тоқыраудағы лимфа жүйесінің рөлі ұзақ уақыт бойы зерттеушілердің назарын аударды. Төменгі қуысты веналарды байлау кезінде веноздық қысымның жоғарылауы және веноздық тоқырау әрдайым капиллярлық қысымның жоғарылауына, қанның сұйық бөлігінің интерстициальды кеңістіктерге фильтрациясының жоғарылауы және оның лимфа жүйесіне резорбциясы және лимфа ағынының ұлғаюына әкелді. Кейінгі зерттеулер қанның тоқырауын жоюға бағытталған веноздық тоқырау кезінде лимфалық микроциркуляциялық арналардың құрылымдық ұйымы мен функционалдық белсенділігінде терең өзгерістерді анықтады [46].

Төменгі сатыдағы омыртқалыларға жүргізілген тәжірибелер көрсеткендей, аяқтың веноздық тоқырауы кезінде лимфа жүйесінің ағзаның бейімделу реакцияларына қосылуы баяу жүреді, ал сүтқоректілерде лимфа жүйесінде лимфа ағысының ығысуы артық сұйықтықты тез тасымалдауға бағытталған. Иттердің мойын аймағындағы веноздық тоқырау мойын лимфа тамырларынан лимфа ағынының ұлғаюына себеп болды [47]. Аяқтың варикозды ауруымен ауыратын науқастарда шап лимфа түйіндерінің қыртысы мен миының склеротикалық трансформациясы және лимфоидты паренхиманың дәнекер тінімен алмастырылуы анықталды.

Лимфа тоқырауы жүрек (оң жақ қарыншалық) және өкпелік-жүрек жеткіліксіздігі жағдайында сипатталған [48]. Миокард инфарктісінде коронарлық қан айналымының бұзылуы тамыр қабырғаларының өткізгіштігінің жоғарылауымен қатар жүрді, бұл миокард тіндерінің ісінуіне, қан кетулерге әкеледі. Эксперименттік миокард инфарктісі жағдайында лимфа уыттылығы жоғарылады. Детоксикация қасиеті бар биофлавоноидтарды қолданғаннан кейін төмендеді [49].

Ұлпалардың лимфа ағуының механикалық жеткіліксіздігі терінің ғана емес, сонымен қатар ішкі ағзалардың және мидың ісінуіне әкеледі, бұл кезде организмде морфологиялық немесе функционалдық бұзылулар пайда болуы мүмкін [50].

Жасушалық деңгейде лимфа дренажының жеткіліксіздігі интерстициальды, яғни аралық сұйықтықтың ісінуден некрозға дейін көрінеді және функционалдық бұзылулардың негізі болып табылады [51]. Лимфа жүйесінің кейбір ауруларына піл ауруы және лимфедема жатады. Лимфа тамырлары мен түйіндерінің гипоплазиясы, ісіну, склероз, беткей лимфа тамырларының облитерациясы піл сүйегіне тән белгі болып табылады [52]. Аяқ-қол лимфангиондарының өздігінен авторитмиялық белсенділігінің болмауы немесе әлсіреуі байқалады [53].

Лимфа коллекторларының динамикалық жеткіліксіздігі негізгі лимфа тамырлары аймақтан лимфаны толығымен алып тастай алмаған кезде пайда болады. Лимфа айналымының жеткіліксіздігі лимфа тамырлары люменінің айқын кеңеюімен, клапан аппаратының жеткіліксіздігімен сипатталады, бұл шеткергі лимфаның тоқырауына, жеткізілген лимфа көлемімен салыстырғанда

кеуде қуысының сағасының өткізу қабілетінің төмендеуіне және тамыр қабырғасының тегіс бұлшықет жасушаларының жиырылу белсенділігінің төмендеуіне әкеледі. Лимфа ісінуін емдеу үшін жаңа технологиялар ұсынылды, атап айтқанда, оң әсер ететін физикалық әсерлер, лимфостимуляция және детоксикация [54].

Тәжірибеде егеуқұйрықтардағы дока-тұзды гипертензия кеуде өзегі мен қан тамырлары қабырғаларының адренергиялық жүйке аппаратының бұзылуына, катехоламиндердің жүйке талшығынан тыс шығуына әкелді. Аяқ лимфангиондарының өздігінен авторитмиялық белсенділігінің болмауы немесе әлсіреуі байқалады [55].

Ересек иттерде вазоренальды артериялық гипертензия кезінде ақуыздардың қан арнасынан лимфа арнасына транскапиллярлық ауысу жылдамдығының төмендеуі байқалды. Иттердің кеуде қуысындағы лимфа ағынын қалыпты жағдаймен салыстырғанда 30% -ға төмендеді. Лимфада глобулинді ақуыз фракцияларының құрамы төмендеді, бұл гипертензия кезінде тамыр өткізгіштігінің төмендеуін көрсетті [56].

Артериялық гипертензия жағдайында иттерде лимфа тамырларының тонусының жоғарылауы және олардың тасымалдау функциясының төмендеуі байқалды. Гипертониялық жануарларда гемо- және лимфодинамикаға адренергиялық әсердің жоғарылауы және лимфа ағыны мен лимфа тамырларының тонусына холинергиялық әсердің тежелуі анықталды [57, 58].

Иттер мен егеуқұйрықтарда жоғарғы мезентеральды артерияны байлау арқылы аш ішектің қысқа мерзімді ишемиясы-реперфузиясы кезінде қан қысымының жоғарылауы, кеуде каналынан және ішек лимфа магистралінен лимфа ағымының төмендеуі, қан плазмасында несеп қышқылы мен креатинин мөлшерінің жоғарылауы, зәр тоғының төмендеуі анықталды. Аш ішектің қысқа мерзімді ишемиясы кезінде егеуқұйрықтардағы мезентеральды және мойын лимфа түйіндерінің жиырылу белсенділігінің төмендеуі сипатталған [59-61].

Омыртқалы жануарлардың әр түрлі кластарының өкілдеріндегі ми мен жүректің тамыр бассейніндегі гидростатикалық қысымның, қан химиясының, мидың циркуляциялық гипоксиясының өзгерістері кезінде лимфа жүйесі қорғаныс - компенсаторлық рөл атқаратындығы анықталды [62]. Омыртқасыздар мен омыртқалы жануарлардың екі ұйқы және екі омыртқалы артерияның окклюзиялау арқылы мидың қысқа мерзімді ишемиясы ацидозға, қан мен лимфаның РН өзгеруіне, қан мен лимфаның коагуляциясының жоғарылауына әкелді [63]. Ішкі ұйқы артериясы мен мойын венасының өздігінен және индукцияланған жиырылу белсенділігінің жоғарылауы байқалды. Тамырлы рецепторлардың вазоактивті заттардың әсеріне сезімталдығының спецификалық ерекшеліктері анықталды [64].

Қан айналымын реттеудің нейрогуморальды механизмдерін және дененің бейімделу мүмкіндіктерін клиникалық тәжірибеде бағалау үшін дәстүрлі сынақтар пассивті ортостатикалық және антиортостатикалық сынақтар болып табылады. Мысықтар мен егеуқұйрықтарға жүргізілген тәжірибелерде ортостаз

кезінде жүрек пен қан тамырлары дененің компенсаторлық реакцияларына қатысатындығы көрсетілген [65].

Пассивті ортостатикалық сынағасы бар ересек иттерде артқы аяқтың және құрсақ қуысының веналары мен лимфа тамырлары қанның қайта бөлінуі нәтижесінде сәйкесінше қан мен лимфаны үлкен сыйымдылығына, созылуына және жұқа болуына байланысты сақтайды. Бұл жағдайда лимфаның кеуде түтігі бойымен тасымалдануы төмендейді, бұл қанның жүрекке оралуының төмендеуімен бірге жалпы организмнің гомеостазына әсер етеді [66].

Ғарыш кеңістігін игеру кезінде адамның ғарышқа ұшу жағдайына көп көңіл бөлінеді. Үлкен үдеу күші ағзаның функционалды күйінде көрінеді. Жүрек-қан тамыр жүйесінің қызметі салмақсыздық кезінде ең айқын өзгерістерге ұшырайды.

Жануарлардың денесін горизонталдан антиортостатикалық күйге келтіру арқылы жер үсті жағдайларында салмақсыздықтың әсерін модельдеу кезінде лимфа ағымының қысқа мерзімді ұлғаюы байқалды, содан кейін кеуде қуысының тонусының рефлекторлық жоғарылауы, мойын аймағындағы ликворлық, веноздық қысым нәтижесінде төмендеді [67].

Организмге антиортостатикалық әсерді модельдеу жағдайында кеуде түтігінің және лимфа түйіндерінің тегіс бұлшықет элементтерінің өздігінен жиырылу белсенділігінің тежелуі атап өтілді [68]. Бұл жағдайда лимфадағы жалпы ақуыздың мөлшері төмендеді, несеп қышқылы мен креатинин концентрациясы жоғарылады, қан плазмасының көлемі азайды [69]. Егеуқұйрықтарға ұзақ уақыт антиортостатикалық әсер ету кезінде кеуде арнасындағы және жамбас артериясы мен венасының архитектуралық жүйке талшықтарының бұзылысы байқалатындығы анықталды [70].

Қанның қайта бөлінуі нәтижесінде егеуқұйрықтарда микрогравитацияның өзгеруі жағдайында мойын лимфа түйіндерінде гистологиялық өзгерістер анықталды. Олар ісінген және ұлғайған. Түйін тінінің босаңсуы, ұсақ қан тамырларының жыртылуы, түйіннің синустарында кеңейген эритроциттердің болуы байқалды [71]. Осылайша, лимфа тамырлары мен түйіндерінің компенсаторлық ролі қанның қайта бөлінуі кезінде сұйықтықтың сақталуында, қан тамырлары мен түйіндерінің өздігінен және индукцияланған жиырылу қабілетінің төмендеуінде, лимфа мен қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруінде көрініс тапты [72].

Соңғы жылдары экологиялық жағдайдың нашарлауына байланысты адам және жануарлар ағзасына әртүрлі токсиканттардың әсер етуі ғалымдардың назарына ілікті: ауыр металдар, ұшпа органикалық заттар және басқа да өнеркәсіптік улар. Ағзаға түскен ауыр металл иондарының әсерінен жүрек-қан тамыр жүйесінің, бауырдың, бүйректің, зат алмасуының бұзылыстары анықталды [73].

Қорғасын хлоридінің орташа дозасының ағзаға әсерін зерттеуде лимфаның коагуляциялық қасиеттерінің төмендеуі және кеуде түтігі қабырғасының иннервациясының тамырлы аппаратының бұзылуы байқалды [74].

Ауыз сумен 1 ай бойы сынап нитратымен емделген егеуқұйрықтарда амплитудасының төмендеуі және кеуде түтігінің оқшауланған бөлігінің өздігінен ырғақты жиырылу жиілігінің жоғарылауы байқалды. Егеуқұйрықтарды сынаппен еккеннен кейін көкірек түтігінің жиырылуына вазоактивті заттар (эпинефрин, ацетилхолин) әлсіз әсер етті [75].

Сынаппен улану кезінде антиоксидантты қорғаныс жүйесі ферменттерінің белсенділігінің жоғарылауы: супероксид дисмутаза, глутатион пероксидаза, глутатион редуктаза бауыр, бүйрек мүшелерінің сезімтал тіндерінде және егеуқұйрықтардың қан плазмасында байқалды [76]. Радиация мен сынап интоксикацияның бірлескен әсері ферменттердің антиоксиданттық қорғанысына және Т және В иммунитеттің буындарының функционалдық төмендеуіне әкелді.

Егеуқұйрықтарды қорғасын және кадмий хлоридімен уландырған кезде лимфаның биохимиялық құрамы мен қанның иондық құрамының өзгерісін, қан плазмасы мен лимфаның осмостық қысымының және олардың тұтқырлығының жоғарылауы байқауға болады. Вазоактивті заттар әсерінен оқшауланған кеуде түтігінің өздігінен және индукциялық жиырылу белсенділігінің тежелуі, егеуқұйрықтардың шажырқай, мойын және бүйрек лимфа түйіндерінің жиырылу реакцияларының төмендегені анықталды. СУМС-1 сорбенттер мен таган - сорбенттерді қолдану кадмий иондарының лимфодинамикаға кері әсерін төмендетті [77, 78].

30 күн бойы кадмиймен улау процесі егеуқұйрықтардың ішек лимфа тамырлары мен лимфа түтігінің адренергиялық және холинергиялық жүйке талшықтарындағы, мойын, шажырқай және бүйрек лимфа түйіндерінің тіндеріндегі өзгерістердің бұзылуына әкелді. Катехоламиндердің жүйке талшығынан қоршаған тіндерге диффузиясы анықталды [79-84].

Кадмиймен улану бауырдың тіндік микрорегионының бұзылуына әкелді. Бауыр лобуласының паренхимасында, триада аймағында некротикалық өзгерген гепатоциттер анықталды. Портал жолдары кеңейіп, лимфогистиоциттермен инфильтрацияланған. Уланғаннан кейін таган-сорбентпен емделген егеуқұйрықтардың бауыр паренхимасында азырақ құрылымдық өзгерістер байқалды [79].

Егеуқұйрықтардың кадмий сульфатымен созылмалы улануы бүйрек салмағының жоғарылауына және дене салмағының төмендеуіне әкелді. Зерттелген параметрлерді түзетуге Кермек Гмелиннің препараты оң ықпалын тигізді [80]. Мырыш тұздарының жоғары дозалары жалпы лейкоцитарлық индекс пен қан формуласының тәуліктік динамикасының өзгеруіне әкелді, сонымен қатар бауыр эпителий жасушаларының атипиясы байқалды [81].

Жануарлар мыс тұзымен уланған кезде судың және 3% глюкоза ерітіндісінің сіңірілуінің төмендеуі байқалды. Қанның жалпы белоктық және белоктық фракцияларының төмендеуі байқалды. Порталдық қан плазмасында аммиак мөлшерінің жоғарылауы және қанда да, лимфада да несеп қышқылы деңгейінің төмендеуі байқалды [82].

Егеуқұйрықтарды хлорорганикалық пестицидпен және полициклді хош иісті көмірсутекпен: 3,4-бензпиренмен созылмалы улану кезінде мезентериальды және бауыр лимфа түйіндерінің шеткі синустарында жасуша тығыздығының жоғарылауы, макрофагтар санының жоғарылауы және қалпына келтіруші жасушалар санының азайып, түйіндердегі ұлпа жасушаларының саны өсті. Интоксикация кезінде ірі және орташа лимфоциттер санының артуы жергілікті гомеостазды қорғауды күшейту қажеттілігіне байланысты лимфоциттердің трансформация процестерімен байланысты болуы мүмкін деп саналады [83].

Көміртекті - минералды энтеросорбентті (SUMS-1) қолдану және егеуқұйрықтардың рационына «Лимфосан» биологиялық белсенді қоспасын қосу арқылы пестицидтерден туындаған құрылымдық өзгерістерді түзету, патологиялық ошақта әрекет ете отырып, аймақтық лимфа құрылымдарының дренажды-детоксикация қызметін белгілі бір дәрежеде сақтай отырып, лимфопротездеу механизмі қызметін атқарды [84].

Деректері бойынша [170], тиреотон эксперименталды гипотиреоз кезінде пайда болған жануарлардың миындағы құрылымдық өзгерістерді нейропротекторлық әсер етеді, сонымен қатар нейрондардың энергетикалық метаболизмін жақсартып, пируваткиназа, Н⁺-АТФазы, белсенділігін арттырады, сонымен қатар митохондриядағы тотығу фосфорлану процестерінің конъюгациясы болады [171, 172].

Корсун Е.В. және т.б. [173], фитотерапия институтында әзірленген дәрілік өсімдіктердің топтамасы («Лобанов» шөп шайы) құрамында көкбауыр шөбі, кәдімгі зығыр, қалақай мен жалбыз жапырақтары, пижма гүлдері және басқалары емдеудің тиімділігін арттырды. Шөптік шайды қабылдау аяқталғаннан кейін пациенттердің қалқанша безінің көлемінің сақталуы, эхоструктураның біртектілігі және органның қозғалғыштығын жоғарылауы байқалды. Зерттеулер нәтижесінде, мерказолил тудырған гипотиреоз жағдайында исланд цетрарианың сығындысы мен 30% спирттік тұнбасын курстық қолдану тироксин мен трийодтирониннің жоғарылауына, тиреотропты гормон деңгейінің және қандағы несеп қышқылы мен креатинин мөлшерінің төмендеуіне, ақуыз алмасуына оң ықпалын тигізді [174].

Тұзу қазтабан (*Potentilla erecta* (L.)*Raeusch*) асқазан-ішек жолдарының аурулары, асқазанмен, ішектен қан кету кезінде, кәдімгі қазтабан (*Potentilla anserine* L.) жараларды емдеп, диуретикалық, қабынуға қарсы, қан қызыл долана (*Crataegus sanguinea* Pall.) гипертония, жүрек әлсіздігі, жүрек ырғағының бұзылуы кезінде пайдаланылады [175].

Азиялық центелла немесе Gotu kola мидың, жүйкенің және көңіл-күйдің саулығын қамтамасыз ететін адаптогенді шөп. Ол ең қауіпсіз адаптогенді шөптердің бірі болып саналады және әдетте пациенттер жақсы қабылдайды.

Гипотиреозбен ауыратын науқастардың ең көп тараған субъективті белгілерінің бірі «мидың шатасуы» болып табылады. Шөптік формуладағы центелла когнитивті функцияны қолдауға көмектеседі. Бұл шөп гипотиреоздан туындаған «мидың шатасуына» көмектесуі мүмкін [176].

Ganoderma lucidum, саңырауқұлақ, әдетте гипотиреозды емдеуге арналған препараттарда кездесетін адаптогенді өсімдік. Ол нашар бақыланатын гипотиреоз кезінде жоғарылайтын холестеринді төмендетуге көмектесу арқылы жүрек-қан тамырларын жақсартады [177].

Cordyceps sinensis гипотиреозды емдеу үшін қолданылатын дәрілерде кездеседі. Бұл өте шаршаған науқастар үшін тамаша адаптогенді шөп. Ол инсулинге сезімталдық пен жүрек-қан тамырларының жұмысын жақсартуға көмектеседі.

Жалаң мия қалқанша безінің саулығы үшін арнайы тұжырымдалмағанымен, ол кортизол деңгейін жоғарылату үшін көрсетілген. Көбінесе қалқанша безінің стрессі кортизол өндіретін бүйрек үсті бездері сияқты басқа эндокриндік жүйелерге әсер етеді. Егер сіз гипотиреозды емдегеннен кейін үнемі шаршауды сезінсеңіз, бұл бүйрек үсті безінің проблемаларына байланысты болуы мүмкін. Жалаң мия кортизол деңгейін арттыруға және шаршауды азайтуға көмектесетін керемет шөп.

Nigella Sativa немесе қара зире Хашимото сияқты аутоиммунды аурулар үшін қолданылады. Бұл зертханаларда байқалатын антиденелердің жоғары деңгейін төмендетуге көмектесуі мүмкін. Ол сондай-ақ ТТГ деңгейін төмендетуге және Т3 деңгейін арттыруға көмектеседі, сонымен қатар гипотиреозбен ауыратын науқастарда жиі байқалатын салмақты азайтуға көмектеседі.

Ақ қазтабан (*Potentilla alba*) – шөптер туралы кітаптар пайда болғанға дейін алғаш рет пайда болған жоғары бағаланған құнды дәрілік өсімдік, дегенмен, қазір ұмытылған. Бұл түр қазіргі уақытта Шығыс Еуропада дизентерия мен қалқанша безінің әртүрлі ауруларын емдеуде қолданылады. Әдеби шолуда осы өсімдік түріне қатысты фитохимиялық, фармакологиялық және токсикологиялық зерттеулердегі жетістіктер жинақталған. Осы уақытқа дейін жүргізілген клиникалық зерттеулер оның нақты әсер ету механизмі, биожетімділігі және фармакокинетикасы туралы деректер жоқ болса да, оның қалқанша безінің бұзылыстарын емдеуде дәстүрлі қолданылуын қолдайды [178].

Ақ қазтабан (*Potentilla alba*) - қалқанша безінің ауруларын емдеуге арналған тиімді және қауіпсіз препараттарды жасау үшін перспективалы өсімдік шикізаты. Бұл әлеуметтік-экономикалық жағдайы бар аймақтардағы адам ағзасынан радионуклидтерді шығару мақсатында, сондай-ақ йод тапшылығы бар аймақтарда ерекше маңызға ие [179]. Ақ қазтабан (*Potentilla alba*) – халық медицинасында кеңінен қолданылатын өсімдік. Ақ қазтабан (*Potentilla alba*) шөптері мен тамырсабақтары қазіргі уақытта дәрілік өсімдік шикізаты ретінде пайдаланылады. Ақ қазтабан (*Potentilla alba*) құрамында Mn, Zn, Cu, Se, сонымен қатар көп мөлшерде Co, Ni, Ba, K, Ca, P, Fe

макроэлементтері бар. Жер үсті бөлігіне қарағанда жер асты бөлігінде Co, Ni, Li, K, P көбірек табылған. Айта кету керек, ақ қазтабан құрамында элементтік йод және йод қышқылының анионы да бар [180].

Құрамында йодтың жоғары болуына және қалқанша безінің гормондары – тироксин (Т4) және трийодтиронин (Т3) деңгейіне әсер ету қабілетіне байланысты ақ қазтабан қалқанша безінің гипофункциясы мен гиперфункциясын түзету үшін кеңінен қолданылады. Әртүрлі елдердің халықтық медицинасында ақ қазтабан инсульт, инфаркт, атеросклероз, гипертония, асқазан жарасын емдеуде де қолданылады. Эксперимент кезінде егеуқұйрықтарға құрғақ ақ қазтабан (*Potentilla Alba*) сығындысының сулы ерітіндісін енгізу, бағдарлау-барлау реакциясын белсендіріп, қанындағы қалқанша без гормондарының айқын жоғарылауы анықталды. Бұл әсер көрсетілген сығынды құрамындағы йодтың, йод қышқылының анионының, селен, мырыш сияқты микроэлементтердің, сондай-ақ құрамында флавоноидтардың, сапониндердің, ириодтардың және барлық деңгейлерге әсер ететін басқада биологиялық белсенді заттары бар қосылыстардың болуына байланысты, организмдегі қалқанша безінің гормондарының қалыпты жұмыс істеуі үшін қажет және толық сіңуіне ықпал етеді. Ақ қазтабан сығындысының белгіленген әсері оны клиникалық тәжірибеге ұсыну үшін одан әрі зерттеу қажеттілігін негіздейді. Бұл ақ қазтабан (*Potentilla Alba*) қалқанша безінің патологиясын түзетудің перспективалы көзі екенін растайды [181].

Ғалымдар мақсатты ғылыми зерттеулердің арқасында өсімдіктер әлемінің құпияларына тереңірек еніп келеді. Қалқанша безінің патологиялары үшін әлемдік медицинада әзірленген және қолданылатын шөптік препараттар алдын алу және емдеуге қатысты жеткілікті сенімді мысал болып табылады. Біздің жұмысымызда гипотиреозмен күресуде шөптік препараттардың ауқымын кеңейтуге тырыстық.

2 ЗЕРТТЕУ НЫСАНДАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

Зерттеу жұмыстары ҚР БҒМ ҒК Адам және жануарлар физиология институтының лимфа жүйесі физиологиясы лабораториясында жүргізілді.

Барлық эксперименттік жұмыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және эксперименттік және басқа да ғылыми мақсаттарда пайдаланылатын омыртқалы жануарларды қорғау жөніндегі Еуропалық конвенцияда көрсетілген (Страсбург, 1986 ж.) және Женева конференциясында (1971 ж.) бекіткен биоэтика қағидаларына және Қазақ ұлттық медицина университетінің жергілікті этикалық комиссиясымен бекітілген (2018 жылғы 11 маусымдағы № 7 (71) хаттама) сәйкес жүргізілді.

Тәжірибелер этикалық стандарттарға сәйкес салмағы 250 ± 3 г болатын 150 ақ зертханалық SpragueDawley (SD) аталық егеуқұйрықтарында жүргізілді. Тәжірибелік гипотиреозды дамыту үшін жануарлар 100 г дене салмағына 20 мг дозада мерказолилді ауыз сумен 30 күн бойы қабылдады [182, 183]. Егеуқұйрықтар 4 топқа бөлінді: 1-ші (n=30) бақылау тобы; 2-ші (n=40) эксперименталды гипотиреоз; 3-ші (n=40) топ ұнтақ түріндегі йоды бар биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамын және 4-ші (n=40) ұнтақ түріндегі йоды бар биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамы + ақ қазтабан қабылдаған егеуқұйрықтар алынды. Экспериментке дайындық және морфологиялық зерттеулер барынша стандартталып, диета, жануарларды сұрыптау, материалды іріктеу бірдей жағдайда өтті. Егеуқұйрықтар виварийдің стандартты диетасына сәйкес тамақтандырылды. Тәжірибеде гипотиреоз жағдайын туғызу үшін мерказолил (mercazolilum) антитиреоидты препарат, халықаралық патенттелмеген атауы: 71/273/23 тіркеу нөмірі бар тиамазол қолданылды. Құрамы: 1 таблетканың құрамында: белсенді зат - тиамазол - 0,005 г; қосымша заттар - кант, картоп крахмалы, кальций стеараты. Фармакологиялық құрамы бойынша мерказолил қалқанша безінің тироксин (Т4) және трийодтиронин (Т3) гормондарының түзілуін тежейтін дәрілер тобына жатады. Оның әсер ету механизмі пероксидаза ферментінің белсенділігін тежеп, тиреоидты гормон қалқанша безінің йодталуына қатысады яғни синтезінің бұзылуына әкеледі.

Қалқанша безінің бұзылыстарын түзету үшін егеуқұйрықтарға 30 күн бойы 2 мкг/100 г дене салмағына ұнтақ түріндегі йоды бар биологиялық белсенді қоспа «Қара шипа плюс» бальзамы және ауыз сумен тәулігіне 50 мл/100 г дене салмағына ақ қазтабан (*Potentilla alba L.*) қайнатпасы берілді [184]. Шөптік қайнатпа - 100 г шөпке 0,4 литр су құйылып қайнатылады, 2 сағат салқындатылған тұнбаға 2 мкг «Қара шипа плюс» бальзамы араластырып, дайын болған препаратты егеуқұйрықтардың ауыз суымен беріледі. Қалқанша безінің, мойынлимфа түйіндерінің және лимфа тамырларының 290 препараты зерттелді.

Зерттеуге эфирмен ұйықтаған егеуқұйрықтардың кеуде лимфа өзегінен лимфа ағыны және градуирленген микроканула көмегімен лимфа алынды.

Құрсақ қуысының каудальды бөлігінде лимфаны жинағаннан кейін құрсақ қолқасын кесіп, оған қан алу үшін тефлон катетерін енгізді.

Ұнтақ түріндегі «Қара шипа плюс» бальзамы (йод, калий йодаты) – йод тапшылығының алдын алу, ағзаның қорғаныс механизмдерін арттырып, қалқанша безінің қызметін қалыпқа келтіреді. Ағзадан токсиндерді, ауыр металдарды байланыстыруға және шығаруға ықпал етеді. Йод адам сарысуының антиоксиданттық статусын жоғарылатып, вирустық инфекциялардың дамуына жол бермейді. Йод патогендік микроорганизмдердің барлық кластарын өлтіруге қабілетті.

2.1 Биохимиялық зерттеу әдістері

Гипотиреоздың дамуы қандағы және лимфадағы ТТГ, Т3 және Т4 деңгейімен бақыланады. Қалқанша безді ынталандыратын гормон - ТТГ, трийодтиронин - Т3 және тироксин - Т4 лимфа мен қандағы концентрациясы бақылау тобындағы жануарларда (1-топ) және эксперименттік гипотиреоз (2-топ) және түзетудің (3-топ) 15 және 30-шы күндерінде электрохимиллюминесценттік әдіспен IMMUNOTECH (Чехия Республикасы) шығарған қосымша нұсқауларға сәйкес стандартты сынақ жүйесін пайдаланып, алынған нәтижелерді одан әрі «COBOS INTEGRA 400» (АҚШ) анализаторында өңделіп анықталды.

Егеуқұйрықтардың бақылау және тәжірибелік топтарында лимфа ағынының жылдамдығы және оның реологиялық қасиеттері зерттелінді. Барлық топтағы егеуқұйрықтардың лимфа және қанының ұю уақыты Сухарев бойынша, ВК-4 вискозиметрі арқылы лимфа тұтқырлығы анықталды. Стандартты биохимиялық талдауға арналған жиынтықпен COBOS INTEGRA 400(АҚШ) автоматты биохимиялық анализаторында лимфа және қанда глюкоза, холестерин, аланинаминотрансфераза (АЛТ) және аспаратаминотрансфераза (АСТ), жалпы ақуыз, триглицеридтер, билирубин, несеп қышқылы және креатинин деңгейлері анықталды.

2.2 Гистологиялық препараттарды дайындау әдістері

Егеуқұйрықтар жансыздандырылғаннан кейін морфологиялық және гистологиялық зерттеулерге қалқанша безі мен мойын лимфа түйіндері алынды. Жалпы гистологиялық зерттеулер жүргізуге көрсетілген мүшелердің бөліктерін 10%-ды бейтарап формалинде салынды. Бекітілген материалдарды ағынды суда жуып, ары қарай сусыздандырдық. Сусыздандыру үшін спирттің әртүрлі концентрациясы қолданылды: 70⁰, 90⁰, 96⁰. Спирттердің концентрациясын арттырып сусыздандырғаннан кейін материалдың үстіне парафин құйылды.

Зерттеу барысында қалқанша бездері майлы тіндерден ажыратылып, өлшенді. Ұзындығы, ені, оның сол және оң жақ бөліктері штангенциркульмен өлшенді. Бездің жалпы салмағы анықталды. Жарық микроскопиясы үшін қалқанша без 10% бейтарап формалинге салынды. Жоғары концентрациядағы спирттерде гистологиялық зерттеуден кейін материалдар ксилолда тазартылып

парафинге салынды. Қалқанша безінің 5–7 мкм қалыңдықтағы гистологиялық кесінділері Thermo Scientific мен HM 325 микротомының көмегімен алынды. Лимфа түйіндерінің және қалқанша безінің гистологиялық кесінділері гематоксилин-эозинмен, азурмен және эозинмен боялып, полистиролмен қорытыланды. Препараттар фотокамерасы бар «Leica DME» жарық микроскопында қаралды.

2.3 Электронды микроскопиялық зерттеу әдістері

Қалқанша безі мен мойын лимфа түйіндерінің құрылымын жартылай жіңішке кесінділерде және жарықтық электронды микроскопта зерттеу үшін 1 мкм өлшемді органның бөлігін 2,5% глутаральдегидте 0,1 М фосфат буферінде 3 сағат бойы 4°C температурада ұсталып, содан кейін 1% OsO₄ ерітіндісінде фосфатты буферде 2 сағат бойы тұрды, дегидратация кезінде 70% этил спиртімен 1,5% уранилацетат ерітіндісімен контрастталады, содан кейін синтетикалық шайырларға құйылады. Хенкс ортада дайындалған 4% параформальдегид ерітіндісінде қалқанша безі, лимфа түйіні жасушаларының белгілі мөлшері фиксацияланды, одан кейін 1 сағат фосфаттық буферде (рН=7,4) 1% OsO₄ ерітіндісінде тағы да фиксация жүргізілді, дегидратацияны этил спиртінің ұлғаю концентрациясында жүргізіп, эпонмен қапталды (Serva, Германия). Жартылай жұқа кесінділерді «Leica DME» (Leica Microsystems, Германия) жарық микроскопының көмегімен талданды. Электронды микроскопта зерттеу үшін органның бөліктерін қалыңдығы 50–70 нм ультра жұқа кесінділерді «Leica EM UC7» (Leica Microsystems, Германия) ультратомында жасалып, уранилацетаттың қаныққан сулы ерітіндісі және қорғасын цитратымен боялып «JEM 1010» («JEOL Ltd.», Жапония) электронды микроскопында зерттелінді.

2.4 Морфометриялық талдаулар әдістері

Морфометриялық талдау қалқанша безі мен лимфа түйінінің кесіндісіне қолданылған морфометриялық торды [185] пайдаланып жүргізілді. Тор қиылыстары лимфа түйінінің бүкіл бөлімі үшін тұтас және жеке оның әрбір құрылымы – капсула, кортикальды плато, лимфоидты түйіндер, паракортекс, пульпикалық баулар және синустары пайызбен есептеліп көрсетілді [186]. Лимфа түйіндері мен бляшкалар құрылымын цитоанализ кезінде 1600 мкм² стандартты аумақтағы жасушалардың саны олардың бласттарға, орташа және кіші лимфоциттерге, плазмалық жасушаларға, макрофагтарға және т.б. дифференциациясымен есептелді. Келесі құрылымдық-функционалдық параметрлер анықталды: фолликулярлық кеңістіктің (строманың) көлемдік тығыздығы, оның ішінде интерстицийдің, қан және лимфа тамырларының көлемдік тығыздығы; фолликулярлық эпителийдің көлемдік тығыздығы; фолликулярлық эпителийдің көлемдік тығыздығы; фолликулалар қуысындағы коллоидтың көлемдік тығыздығы [187]. Кейбір құрылымдық-функционалды аймақтар үшін ұяшықтардың анықтамалық мәндері пайдаланылды.

Сандық бағалау қалқанша безінің фолликуласындағы ішкі және сыртқы диаметрлерді (кемінде 30 фолликул), фолликулярлық эпителий жасушаларының биіктігі (қабырға қалыңдығы) фолликулярлық индексті кейінгі есептеумен, фолликул, коллоидтық және фолликулярлық эпителий аймақтары; тироцитте - белгілі формулалар бойынша оның ауданын немесе көлемін (ядролық индекс) кейінгі есептеумен ядроның диаметрі Image Pro Plus 4.1 бағдарламасының көмегімен жүзеге асырылды [188].

Тамырлар мен түйіндердің адренергиялық жүйкеленуі негізінен В.А. Говыриннің модификацияланған Фальк әдісімен жүргізілді. Қалқанша безі мен лимфа тамырларының, лимфа түйіндерінің адренергиялық жүйкеленуін, ұлпалардағы катехоламиндерді арнайы гистохимиялық флуоресцентті-микроскопиялық әдісті қолдану негізінде флуоресцентті фотокамералы Vision 300 (Австрия) микроскоп арқылы зерттелді [189]. Қалыңдығы 20 мкм болатын қан тамырлары мен лимфа түйіндерінің жалпы және криостат бөлімдерін дайындады. Препараттар рН 7,2 фосфат буферінде дайындалған глиоксал қышқылының 2% ерітіндісінде инкубацияланды. Содан кейін кесінділер жылы ауа ағынында кептірілді және 100 ° С температурада термостатталды, содан кейін ксиллда ерітілген полистиролдың 5% ерітіндісімен тазартылып және бекітілді. Препараттар камерасы бар Vision 300 флуоресцентті микроскоптың (Австрия) көмегімен зерттелді.


Алынған деректер Statistica 6.0 (StatSoft, АҚШ) статистикалық талдау бағдарламасының көмегімен орташа арифметикалық мәнді (M), арифметикалық ортаның қателігін ($\pm m$) және $P < 0,05$ кезіндегі айырмашылықтардың маңыздылығын анықтаумен статистикалық өңдеуден өтті. Орташа арифметикалық (M) және оның стандартты қателігі (m) есептеліп, $M \pm m$ түрінде ұсынылды. Қалыпты таралуға жататындығы Колмогоров-Смирнов тесті және оған қатысты көрсеткіштер арқылы анықталды, статистикалық маңыздылық деңгейін бағалау үшін Стьюденттің t-тесті қолданылды және нәтижелер $p < 0,05$ кезінде маңызды деп саналды.

3 ЗЕРТТЕУ НӘТИЖЕЛЕРІ

3.1 Жануарлардың лимфа ағысына, лимфа және қандағы гормоналдык, биохимиялық көрсеткіштеріне гипотиреоздың әсері


Мерказолилді қабылдағаннан кейін егеуқұйрықтардың организмінде әр түрлі өзгерістер бірте-бірте дами бастайды, олар: ұйқышылдық, тәбеттің жоғалуы, терідегі жүндерінің күңгірттенуі. Тиреоидты гормондарды зерттеу қалқанша безінің құрылымы мен қызметін зерттеудің міндетті бөлігі болып табылады. Тиреоидты гормондар деңгейінің арақатынасындағы өзгерістер қалқанша безінің құрылымын сақтауға және дене деңгейінде метаболикалық процестерді сақтауға бағытталған бейімделу реакцияларына негізделген. Қалқанша безінің гормондары деңгейінің біртіндеп төмендеуі және лимфа мен қанның биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруі байқалды.

Зерттеудің 15-ші күні лимфадағы трийодтиронин (Т3) концентрациясының мөлшері 1,3 есеге, тироксин (Т4) мөлшері 1,1 есеге, ал 30-шы күні Т3 гормоны 1,9 және Т4 гормоны 1,6 есеге төмендеуі байқалды [190]. Зерттеудің 15-ші күні қандағы трийодтиронин мен тироксин деңгейі 1,2 және 1,15 есе төмендеген, ал 30 күннен кейін бақылау тобымен салыстырғанда сәйкесінше 1,8 және 1,6 есе төмендеді (кесте 1, суреттер 1, 2).



Ординат өсі бойынша: трийодтиронин мөлшері (Т₃) ME/л. Абсцисса өсі бойынша: 1 – лимфа, 2 – қан плазмасы (бақылау, 15 күннен кейін, 30 күннен кейін)

Сурет 1 - Бақылау және эксперименттік гипотиреоз кезіндегі лимфа және қан плазмасындағы трийодтиронин (Т₃) мөлшері



Ординат өсі бойынша: тироксина (Т₄) мөлшері ME/л. Абсцисса өсі бойынша: 1 – лимфа, 2 – қан плазмасы (бақылау, 15 күннен кейін, 30 күннен кейін)

Сурет 2 - Бақылау және эксперименттік гипотиреоз кезіндегі лимфа және қан плазмасындағы тироксин (Т₄) мөлшері

Тиреотропин – гипофиздің алдыңғы бөлігінің жасушалары шығаратын зат. Ол қалқанша безі шығаратын осы гормондардың өндірісін және қанға шығарылуын белсендіреді. ТТГ түзілуі гипоталамустың тиротропин-рилизинг факторы арқылы іске асады.

Тиреотропты гормон (ТТГ) гипофиз-қалқанша безі жүйесі жұмысының ең ақпараттық көрсеткіші болып табылады, онда компенсаторлық секреция деңгейі гипотиреоз кезінде жоғарылайды. Лимфа мен қан плазмасындағы тиреотропты гормонның жоғарылауы, трийодтиронин және тироксин гормондары деңгейінің төмендеуі эксперименталды гипотиреоздың пайда болғанын көрсетті, яғни тәжірибеміздің жалғасуына ықпал етті [191, 192].

Бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың лимфасында тиреотропты гормонның (ТТГ) мөлшері $0,016 \pm 0,003$ мкМЕ/мл құрады. Мерказолил әсерінен эксперименттік гипотиреоз кезіндегі егеуқұйрықтардың организмінде бұл гормон өсті, 2-ші және 3-ші топтағы жануарлардың лимфасындағы ТТГ мәні бақылау тобымен салыстырғанда эксперименттің 15 және 30-шы күндерінде 63-75% -ке жоғарылады (кесте 1, сурет 3).

2-ші және 3-ші тәжірибелік топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасында трийодтиронин және тироксин гормондары деңгейінің төмендеуі, сонымен қатар тиреотропты гормонның (ТТГ) деңгейінің жоғарылауы байқалды. ТТГ гормонының мөлшері егеуқұйрықтардың бақылау тобымен салыстырғанда 15 күннен кейін 50%-ға және 30 күннен кейін 100%-ға өсті, бақылауда – $0,004 \pm 0,001$ мкМЕ/л (кесте 1, сурет 3).

Кесте 1 - Бақылау және эксперименттік гипотиреоз кезіндегі егеуқұйрықтардың лимфа және қанындағы қалқанша без гормондарының өзгерістері


Көрсеткіштері	Бақылау тобы	Эксперименттік гипотиреоз	
		15 күн	30 күн
Лимфа			
T ₃ – трийодтиронин, МЕ/л	2,80±0,02	2,11±0,01* 1,3	1,45±0,01** 1,9
T ₄ – тироксин, МЕ/л	66,5±3,5	58,8±2,6* 1,1	40,9±1,6** 1,6
ТТГ – тиреотропты гормон, мМЕ/л	0,016±0,003	0,026±0,001**	0,028±0,003**
Қан			
T ₃ – трийодтиронин, МЕ/л	2,53±0,03	2,16±0,02* 1,2	1,40±0,08** 1,8
T ₄ – тироксин, МЕ/л	53,0±2,4	45,9±2,2* 1,1	33,0±1,3** 1,6
ТТГ – тиреотропты гормон, мМЕ/л	0,004±0,001	0,006±0,001*	0,008±0,002**
Ескерту - *бақылаумен салыстырғанда маңыздылығы, p<0,05, * -p<0,01**			




Ординат өсі бойынша: тиреотропты гормон (ТТГ) мөлшері МЕ/л. Абсцисса өсі бойынша: 1 – лимфа, 2 – қан плазмасы (бақылау, 15 күннен кейін, 30 күннен кейін)

Сурет 3 - Бақылау және эксперименттік гипотиреоз кезіндегі лимфа және қан плазмасындағы тиреотропты гормон (ТТГ) мөлшері

Тәжірибелік гипотиреозбен ауыратын егеуқұйрықтарда лимфа мен қанның липидті профилін зерттеуде келесі нәтижелер алынды. Тәжірибелік гипотиреоздың 15-ші күні холестерин деңгейі 8-20%-ға ($p < 0,05$), ал 30-шы күні лимфа мен қанда жалпы холестерин деңгейі бақылау тобымен салыстырғанда 14-75%-ға жоғары болды (кесте 2, сурет 4).



1



2

Ординат өсі бойынша: жалпы белок, несеп қышқылы, креатинин, сілтілі фосфатаза, глюкоза, холестерин, билирубин жалпы ммоль/л бойынша көрсеткіштері. Абсцисса өсі бойынша: 1-лимфа, 2- қан плазмасы

Сурет 4 - Бақылау және тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі лимфа мен қан плазмасының құрамындағы несеп қышқылы, глюкоза және холестерин көрсеткіштері

Кесте 2 - Тәжірибелік гипотиреоз және бақылау тобының лимфа мен қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштері

Көрсеткіштері	Бақылау тобы	Тәжірибелік гипотиреоз тобы	
		15 күн	30 күн
Лимфа			
Лимфа ағысы, мл/мин	0,38±0,02	0,31±0,02*	0,27±0,02**
Жалпы белок, г/л	49,9±1,4	51,0±1,9*	53,8±1,5*
Несеп қышқылы, моль/л	9,0±0,9	11,1±0,12*	11,9±0,35**
Креатинин, мкмоль/л	92,5±2,5	103,0±3,3*	118,0±6,1**
АЛТ, ммоль/л	84,5±2,9	118,1±12,7**	148,9±11,2**
АСТ, ммоль/л	160,0±10,9	235,3±15,8**	275,9±10,8**
Сілтілік фосфатаза, ммоль/л	299,2±10,5	358,5±12,2**	420,8±5,4**
Билирубин жалпы, мкмоль/л	9,9±0,5	7,9±0,2*	6,5±0,4**
Глюкоза, ммоль/л	5,1±0,2	5,55±0,9*	5,76±0,7*
Холестерин, ммоль/л	1,4±0,006	1,51±0,014*	1,60±0,015*
Қан			
Жалпы белок, г/л	62,2±2,6	66,7±2,6*	73,0±1,5*
Несеп қышқылы, моль/л	8,1±0,3	9,3±0,19*	10,4±0,36**
Креатинин, мкмоль/л	84,2±1,6	93,1±2,8*	109,3±9,9**
АЛТ, ммоль/л	78,9±2,3	136,0±11,5**	208,2±10,7**
АСТ, ммоль/л	140,0±10,1	262,3±11,7**	327,2±10,5**
Сілітілік фосфатаза, ммоль/л	338,2±10,7	449,9±12,4**	578,4±14,9**
Билирубин жалпы, мкмоль/л	8,9±0,1	6,8±0,7*	5,6±0,8**
Глюкоза, ммоль/л	4,9±0,3	5,16±0,3*	5,70±1,2**
Холестерин, ммоль/л	1,60±0,003	1,92±0,012*	2,8±0,017**
Ескерту - *бақылаумен салыстырғанда, p<0,05,* -p<0,01**			

Егеуқұйрықтарға меразолілді бергеннен кейін лимфа мен қан плазмасындағы жалпы белоктың мөлшері сәйкесінше 8% және 17% төмендеді (қалыпты жағдайда 49,9±1,4 және 62,2±2,6 г/л).

Мерказолилді 15 және 30 күн бойы күнделікті қабылдау лимфа мен қандағы несеп қышқылы және креатинин концентрациясын өзгертті, бақылау тобының егеуқұйрықтарымен салыстырғанда 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың несеп қышқылы мөлшері 23 және 14%-ға, ал креатинин 11%-ға өсті. Тәжірибенің ары қарай жалғасуы барысында 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфа мен қандағы көрсеткіштер алынды.

Егеуқұйрықтарда тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі көкірек қуысының лимфа ағыны бақылау тобының көрсеткіштермен салыстырғанда $0,38 \pm 0,02$ ($p < 0,05$) ден $0,27 \pm 0,02$ мл/сағ ($p < 0,01$) яғни 29%-ға дейін төмендеуі байқалды (кесте 2).


Бақылау тобымен салыстырғанда тәжірибелік гипотиреоз кезінде егеуқұйрықтардың лимфа және қан плазмасының биохимиялық көрсеткіштеріндегі жалпы белок мөлшері 8% және 17,4%-ға жоғарылағанын көрсетті.

Трансаминазалар арасындағы АЛТ және АСТ деңгейінің белсенділігін анықтау ең үлкен мәнге ие. Тәжірибелік гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтардың лимфа және қан плазмасындағы аминотрансферазалардың құрамын зерттеу кезінде, лимфадағы АЛТ мөлшері $118,1 \pm 12,7$ және $148,9 \pm 11,2$ ммоль/л ($p < 0,05$), қан плазмасында $136,0 \pm 11,5$ және $208,2 \pm 10,7$ ммоль/л ($p < 0,01^{**}$) құрайтынын көрсетті. Лимфа мен қан плазмасындағы АСТ мөлшері 15 күннен кейін $235,3 \pm 15,8$ және $262,3 \pm 11,7$ ммоль/л болды, ал 30-шы күннен кейін бақылау тобымен салыстырғанда АСТ мөлшері сәйкесінше 72% -134% өсті ($p < 0,001$) (кесте 2, сурет 5).

2-ші және 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың сілтілі фосфатаза көрсеткіштері лимфада 20-41%-ға (қалыпты $299,2 \pm 10,5$ ммоль/л) және қан плазмасында 33-71%-ға (қалыпты $338,2 \pm 10,7$ ммоль/л) жоғарылады. Жоғарыда тәжірибеге алынған егеуқұйрықтардың екінші және үшінші топтағы мәліметтері берілген. Тәжірибелік гипотиреозда сілтілі фосфатаза мөлшерінің айтарлықтай жоғарылауы байқалды (кесте 2, сурет 5).

2-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфа және қан плазмасында билирубин деңгейі 10% ($p < 0,05$), ал 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың билирубин мөлшері бақылау тобымен салыстырғанда 6-3%-ға ($p < 0,01$) айтарлықтай төмендеуі байқалды (кесте 2).

Зерттеу барысында гипотиреозға жүргізілген егеуқұйрықтарда, алынған мәліметтер бойынша лимфаның биохимиялық көрсеткіштерінің өзгеруі байқалды. Зерттеуіміздің 15-ші және 30-шы күндері кезінде лимфада да, қан плазмасында да глюкоза мөлшерінің жоғарылауы байқалды (лимфада $5,51 \pm 0,9^*$ -дан $5,76 \pm 0,7^{**}$ ммоль/л дейін; қан плазмасында $4,9 \pm 0,3^*$ -ден $5,70 \pm 1,2^{**}$ ммоль/л дейін). Зерттеудің 2-ші және 3-ші топтарындағы лимфа мен қан плазмасы 15-ші күні глюкоза деңгейінің 9% және 5% ($p < 0,05$, $p < 0,01$) дейін айтарлықтай жоғарылағанын байқауға болады, 30-шы күні 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфа және қан плазмасын зерттеу тұрғысынан қарағанда одан әрі белсенді өсу үрдісі байқалды (кесте 2, сурет 4).



Ординат өсі бойынша: АЛТ, АСТ ммоль/л бойынша көрсеткіштері. Абсцисса өсі бойынша: лимфа, қан плазмасы

Сурет 5 - Тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі лимфа мен қан плазмасындағы аминотрансферазалар жәнәсілтілі фосфатаза көрсеткіштері

Мерказолилді қабылдағаннан кейін 15 және 30 күн ішінде тәжірибелік гипотиреоз кезінде қан плазмасының көлемінің төмендеуі (гематокрит индексі бойынша) байқалды. 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасында бұл көрсеткіштің мәні бақылаумен салыстырғанда 6%-ға төмендеді. Бұл процесс, 2-ші топтағы егеуқұйрықтардың қанында, тәжірибелерді жалғастыру кезінде дамыды. 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасының гематокриттік көрсеткіші егеуқұйрықтардың бақылау тобымен салыстырғанда зерттеудің 30-шы күні 1,36 есеге яғни 14%-ға төмендеді. Біздің зерттеуімізде гипотиреоз кезінде лимфа мен қан плазмасының реологиялық қасиеттерінің бұзылуы байқалды: лимфаның тұтқырлығы $3,08 \pm 0,2$ -ден $4,12 \pm 0,3$ бірлікке дейін өсті $p < 0,01$, егеуқұйрықтарда 2-ші және 3-ші деңгейлерін бақылау тобымен салыстырғанда 23%-ға жоғарылады. Лимфада да, қан плазмасындағы қанның тұтқырлығы 2-ші және 3-ші топтарда сәйкесінше 25-43%-ға жоғарылаған. Тәжірибелік гипотиреоз кезінде лимфа мен қанның тұтқырлығы бақылау тобымен салыстырғанда сәйкесінше 1,34 және 1,43 есе жоғары болды (кесте 3).

Тәжірибелік гипотиреоз кезінде лимфаның ұю уақыты бастапқы мәндерден 14-32%-ға, қанның ұю уақыты 29-34,5%-ға қысқарды. Гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтарда лимфаның ұю уақыты $3,61 \pm 0,02$ және $2,86 \pm 0,01$ мин, ал бақылауда тобында $4,2 \pm 0,01$ мин. болғанын атап өткен жөн. Тәжірибе басында қан ұюы $3,68 \pm 0,02$ мин, эксперименттік гипотиреоз кезінде тиісінше $2,61 \pm 0,01$ және $2,41 \pm 0,01$ мин. болды (кесте 3). Гипотиреоз кезіндегі алынған барлық мәліметтер қан плазмасы мен лимфадағы үлкен өзгерістер болғанын көрсетеді.

Кесте 3 - Бақылау тобындағы және тәжірибелік гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтардың лимфа мен қан плазмасының реологиялық көрсеткіштері мен морфологиялық құрамы

Көрсеткіштері	Бақылау тобы	Тәжірибелік гипотиреоз	
		2-ші группа 15 күн	3-ші группа 30 күн
Лимфа			
Тұтқырлық, бірлік	3,08±0,2	3,79±0,2*	4,12±0,3**
Ұюы, мин	4,2±0,01	3,61±0,02*	2,86±0,01**
RBC - эритроциттер, x10 ¹² /L	-		0,03±0,001**
WBC - лейкоциттер, x 10 ⁹ /L	5,47±0,4	7,8±0,2**	9,7±0,2**
PLT - тромбоциттер, 10 ⁹ /L	-	-	3±0,05**
HGB - гемоглобин, g/ L	-	-	0,45±0,001**
LYM – лимфоциттер, %	92,2±2,4	120,3±5,3**	133,1±5,9**
Қан			
Гематокрит, %	48±1,3	45,1±1,8	41,2±1,8**
Тұтқырлық, бірлік	3,48±0,3	4,36±0,9*	4,98±0,2**
Ұюы, мин	3,68±0,02	2,61±0,01**	2,41±0,01**
RBC - эритроциттер, x10 ³ /μL	7,53±0,5	6,21±0,4*	5,46±0,6**
WBC - лейкоциттер, x 10 ⁹ /μL	6,8±0,3	9,2±0,3**	10,9±0,8**
PLT - тромбоциттер, 10 ⁹ /μL	182,1±2,8	225,6±3,9**	265,7±4,5**
HGB - гемоглобин, g/L	152,7±2,3	129,9±1,4*	108,2±1,6**
LYM – лимфоциттер, %	95,4±2,7	127,6±10,9**	139,4±2,1**
Ескерту - *бақылаумен салыстырғанда, p<0,05,* -p<0,01**			

Алынған деректерде гипотиреоз кезіндегі егеуқұйрықтардың гематокриттің төмендеуі кезінде тұтқырлықтың жоғарылауы және лимфадағы эритроциттердің пайда болуы кезіндегі лимфа мен қандағы ұю уақытының қысқаруы және тұтқырлықтың жоғарылауы байқалатынын көрсетеді, бұл лимфа мен қанның реологиялық қасиеттерінің бұзылғанын көрсетеді. Мерказолилді қабылдаған тәжірибелік гипотиреоздаға шалдыққан егеуқұйрықтардың 15 күннен кейінгі зерттеу нәтижелері гемоглобин құрамының айтарлықтай өзгерістер болғанын көрсетті.

1-ші топтағы егеуқұйрықтардың қан плазмасындағы гемоглобин мөлшері 152,7 г/л болды, гипотиреоз кезінде бақылау тобымен салыстырғанда 15%-ға төмендеді. Тәжірибенің 30-шы күні оның мәні бақылау тобымен салыстырғанда 30%-ға, 108,2 г/л төмендеді (кесте 3).

3-кестеде мерказолилді қабылдағаннан кейін егеуқұйрықтардың қан құрамында эритроциттер мен гемоглобин деңгейінің төмендеуі, лейкоциттер мен тромбоциттер санының жоғарылауы байқалғанын көруге болады. Қандағы жасушалық элементтер санының артуы қан жүйесінің гормондар концентрациясының өзгеруіне компенсаторлық реакциясымен байланысты.

Алынған мәліметтерден көргеніміздей, бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың қанында эритроциттердің көрсеткіштері $7,59 - ден 7,84 \pm 0,9 \times 10^{12}/L$ дейін болды. Тәжірибелік гипотиреоз топтарында оның қандағы мәні 31%-ға төмендеген. 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфадағы эритроциттер мөлшері көп емес, яғни, $0,03 \pm 0,001 \times 10^{12}/L$ дейін анықталды (кесте 3).

2-ші топтағы жануарларда тромбоциттер мөлшері бақылау тобымен салыстырғанда 35%-ға, ал 3-ші топта 1,48 есеге (3-топ $265,7 \pm 4,5 \times 10^9/L$) жоғарылаған. Қалыпты жағдайда лимфада тромбоциттер болмайды, қан тамырлары зақымданғанда және тіндер зақымданғанда лимфада тек эритроциттер мен тромбоциттер пайда болуы мүмкін. Лимфада тромбоциттер 3-ші топ жануарларында $3 \pm 0,05 \times 10^9/L$ анықталды (кесте 3). Тәжірибелерде 3-ші топ бақылау тобымен салыстырғанда гематокриттің 14%-ға төмендеуін көрсетті. Егеуқұйрықтардың қанындағы тромбоциттердің мәні $6,8 \pm 0,3 \times 10^9/L$ ($p < 0,05$) болды.

Егеуқұйрықтардың кеуде тұсынан алынған лимфа құрамында 98-99% лимфоциттер және 1-2% моноциттер жасушалары белгілі болды [193]. Біздің зерттеулерімізде тәжірибелік гипотиреоз кезінде лимфаның лейкоциттік формуласы өзгерді, атап айтқанда, иммундық жүйенің белсенділігі қамтамасыз ететін лимфоциттер саны көбейді.

Тәжірибелік гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтардың 2-ші тобында лейкоциттер саны бақылау тобындағы егеуқұйрықтармен салыстырғанда 34%-ға өсті. Бақылау тобындағы жануарларда қандағы лейкоциттердің деңгейі $6,8 \pm 0,3 \times 10^9/L$, ал 3-ші топта егеуқұйрықтардың тромбоциттер саны 51%-ға дейін өсті (кесте 3). Тәжірибеде көрсеткендей, гипотиреоз кезінде лейкоциттер мен лимфоциттер лимфада да, қанда да көбейеді. Осы зерттеу кезеңінде 2-ші және 3-ші топтағы егеуқұйрықтардың лимфада лейкоциттер саны 43-52%, ал қанда бақылау көрсеткішімен салыстырғанда 1,33 және 1,46 есе жоғарылады.

Алынған мәліметтерге қарасақ, гипотиреоз кезінде лимфадағы жалпы ақуыз және сілтілі фосфатаза концентрациясының көлемі 26-29 және 50,6%-ға, қан плазмасында 20-25 және 50,2%-ға төмендейтінін көруге болады. Қан плазмасында лейкоцитоз және тромбоцитоз пайда болып, бақылау тобымен салыстырғанда эритроциттер санының аздап төмендеуі байқалды. Зерттеу нәтижелерін талдау лимфа ағынының көлемдік жылдамдығының төмендеуін және лимфаның биохимиялық және реологиялық қасиеттерінің өзгеруін көрсетті. Лимфа тұтқырлығының жоғарылауы лимфа қозғалысы жылдамдығының төмендеуіне ықпал еткенін анықтадық. Лимфаның физика-химиялық көрсеткіштері мен реологиялық қасиеттерінің өзгеруі лимфа сұйықтығының өзгеруіне ықпал етеді.


3.2 Гипотиреоз жағдайында қалқанша безінің морфофункционалдық құрылымдарының өзгерістері және лимфа түйіндерінің атқаратын рөлі

Бұл бөлімде, бақылау және тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі қалқанша безі мен лимфа түйіндерінің жағдайын зерттеуге арналған мәліметтер берілген.

Қалқанша безі – өнімдерін екі бағытта қанға секрецияға арналған жақты қозғалысы бар жалғыз эндокриндік орган болып табылады. Қалқанша безінің қызмет зерттеген кезде, стандартқа сай мерказолилді қабылдаған 2-ші топ егеуқұйрықтарда тәжірибенің 10-15 күнінен кейінжалпы орташа дене салмағының 13-17%-ға ($p<0,05$) арытқанын байқаймыз. Гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтар мына белгілердің болуымен ерекшеленді – қозғалысының төмендеуі, тәбеттің болмауы, ұйқышылдық, дененің бүйір беттерінен шаштың түсуі.

Бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың қалқанша безінің орташа салмағы $0,014\pm 0,001$ г. тең. Сол жақ бөлігі - $0,008\pm 0,002$ г, оң жақ бөлігі - $0,006\pm 0,004$ г. Сол жақ бөлігінің ұзындығы $0,5\pm 0,014$ – ден $0,7\pm 0,011$ мм, оң жақ бөлігінің ұзындығы $0,32\pm 0,007$ – ден $0,34\pm 0,009$ мм. дейін. Алынған сандық мәліметтер егеуқұйрықтарда қалқанша безінің оң жақ бөлігінің сол жақ бөлігінің параметрлерінің таралуын көрсетеді.


Жалпы жануарларда, соның ішінде зертханалық егеуқұйрықтың қалқанша безі көмейдің жоғары жағында және трахеяның бірінші жарты сақиналарында орналасқан. Біздің зерттеуімізде егеуқұйрықтардың қалқанша безі қалыпты анатомиялық құрылымға ие, ұзартылған пішінді екі бүйір лобтан және оларды байланыстыратын дәнекер тінінен тұрды. Қалқанша безі талшықпен жабылған, төс бұлшықеті және төс маңындағы бұлшықеттер, мойынның ішкі фассиясының висцеральды қабаты, көмеймен және трахеямен біріктірілген мүшенің капсуласын құрайды (сурет 6).



Сурет 6 - Егеуқұйрықтардың қалқанша безінің анатомиялық құрылысы

Бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың қалқанша безі серпімді консистенциялы, қызыл-қоңыр түсті, кейде қызғылт реңктері болады. Қалқанша безі оның негізгі құрылымдық элементтерін сақтай отырып, қалыпты құрылымға ие. Қалқанша безде дөңгелек және сопақ пішінді фолликулалар бар,

олардың қуысын құрамында күрделі протеин — тироглобулин болатын қоймалжың зат — коллоид толтырып тұрады. Гематоксилин-эозинмен боялғанда қалқанша безінің ұлпасы бір типті фолликулдармен бейнеленген, фолликулалардың қабырғасы базальды мембранада орналасқан жалпақ текше тәрізді эпителийден түзілген. Қалқанша безінің қанмен қамтамасыз етілуі анық көрінеді. Фолликулалар арасындағы дәнекер тінінде қан жасушаларымен толтырылған тамырлар анықталды (сурет 7).



Гемокапиллярлар және интрафолликулярлық коллоид (→). Гематоксилинмен эозинмен боялған.


Үлкейту x200

Сурет 7 - Қалыпты жағдайдағы егеуқұйрықтардың қалқанша безінің гистологиялық құрылымы


Бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың қалқанша безінің гистологиялық құрылымында орташа және ірі фолликулалар басым, ол фолликулалардың әртүрлі өлшемдері бар құрылымның нормопластикалық нұсқасымен сипатталады, фолликулалардың әртүрлі өлшемдері қалқанша бездің функционалдық белсенділігін көрсетеді. Бездің паренхимасы дөңгелек, сопақ пішінді фолликулдардан тұрады. Фолликулалар жабық көпіршіктерге ұқсайды, бір қабат эпителиймен қапталған текше тәріздес тироциттерден түзіледі. Тироциттердің ядролары дөңгелек немесе сопақ пішінді. Мерказолилді қабылдаған қалқанша безі мен лимфа түйіндерінің құрылымы бақылау тобымен салыстырғанда кейбір сапалық өзгерістерге ұшырайтыны белгілі, ол фолликулалардың диаметрінің, жалпы көлемінің, коллоидты және фолликулярлық эпителий көлемінің төмендеуі [194, 195].

Тәжірибелік гипотиреоз кезінде барлық егеуқұйрықтардың қалқанша безі массасының 63-34% ($p < 0,01$) ұлғаюы байқалды, яғни, гипотиреоидты

егеуқұйрықтардағы қалқанша безінің көлемі бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың бездердің көлемінен 1,5-2 есе үлкен.



а)



б)

Паренхиманың гиперплазиясы, жаңадан пайда болған және деформацияланған фолликулдардың өзгеруі, фолликул қабырғасының қалыңдауы, эпителийдің ішінара десквамациясы, фолликулярлық кеңістіктің кеңеюі. Гематоксилинмен және эозинмен боялған.

Үлкейту А - 10x0,25; В - 10x20

Сурет 8 - Тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі егеуқұйрықтардың қалқанша безінің гистологиялық құрылымы

Тәжірибелік гипотиреоз кезінде қалқанша без фолликулдары созылып, олардың мөлшері анық ұлғайған, эпителий жасушаларының пішіндері жалпақ және созылған, фолликулалардың қабырғалары анық емес, ұлғайған, ісінген, әлсіз боялған. Қалқанша безінің тілімдерінде коллоидты аз мөлшерде болатын жалғыз фолликулалар кездесті. Қан тамырлары, әсіресе веноздық тамырлар кеңейіп, қанның көптігі мен тоқырауымен сипатталады. 8 а, б суретте мерказолил препараттарын қабылдаған қалқанша безінің гистологиялық құрылымы көрсетілген. Зерттеу нәтижелері тәжірибелік гипотиреозға шалдыққан егеуқұйрықтарда деструктивті процестердің анықталатынын көрсетті.


Гипотиреоз кезінде қалқанша безінің құрылымында елеулі өзгерістер болды, оның қабырларының қалыңдауы, ядролардың пішінінің бұзылуы, эпителий жасушаларының десквамациясы байқалды, бұл фолликулалардың диаметрінің, жалпы көлемінің, коллоидты және фолликулярлық эпителий көлемінің төмендеуімен сипатталды. Бір мезгілде қалқанша безінің ісінуі және дөңгелектенуі байқалды. Фолликулалардың көлемі шағын, кейбіреулері коллоидсыз және мөлдір сұйықтықпен толтырылған (сурет 8 а, б). Егеуқұйрықтарды мойын лимфа түйіндері әдетте жұқа, тығыз капсуламен жабылған.

Субкапсулярлық синус жақсы анықталған, жасушалармен тығыз толтырылған. Қалыпты жағдайда мойын лимфа түйіндерінің құрылымы біркелкі дамыған негізгі құрылымдық-функционалдық аймақтармен сипатталады, мойын түйіндерінде айқын қыртысты-ми шекарасы бар, лимфа түйінінің аралық морфотипі байқалады, онда лимфа түйінінің миылы затының үстінен кортикальды заттың басымдығы байқалады, мойын түйінінің кортикальды-церебральды индексі $1,07 \pm 0,02$ құрайды (сурет 9 а, б, кесте 4).


Лимфа түйінінің бастапқы ауданы орташа есеппен $23,67 \pm 1,23$ құрайды. Бастапқыда интранодулярлық құрылымдар дамып, лимфа түйінінің жалпы құрылымында белгілі бір аумақты алады. Субкапсулалық синус кең және $0,82 \pm 0,09$ -ға үлкен аумақты алып жатыр. Миылы затта жұмсақ тін үлкен көлемді аймақты $7,31 \pm 0,36$, ал миылы синус $2,11 \pm 0,15$ аз бөлігін құрайды (кесте 4). Миылы затты жұмсақ тін және миылы синус құрайды, олардың аудандарының арақатынасы алаңдатарлық жағдайда немесе қоршаған ортаның қолайсыз факторларының әсерінен өзгеруі мүмкін. Мойын лимфа түйінінің бұл функционалды аймақтары иммундық және ағзадағы дренаждық-детоксикация қызметке жауап береді. Ғылыми әдебиеттерде көрсетілгендей, мұндай морфотип негізінен қалқанша без үшін аймақтық болып табылатын лимфа түйінінің жеткілікті детоксикация-тасымалдау және иммундық қызметін көрсетеді. Олардың арақатынасы сыртқы орта факторларының әсеріне байланысты, организмнің ішкі ортасының жағдайы бұзылуы лимфа түйіндерінің функционалдық жағдайының өзгеруін көрсетеді. Лимфа түйіндерінің қыртысты аймағы герминативті орталығы бар немесе жоқ лимфоидты түйіндерден және паракортекстен тұрады. Қыртысты затта немесе қыртысты аймақта герминативті орталығы жоқ лимфоидты түйіндерден

(бастапқы фолликулалар) және герминативті орталығы бар лимфоидты түйіндерден (екінші реттік фолликулалар) тұрады.

Герминативті орталығы бар лимфоидты түйіндердің герминативті орталығы жоқ лимфоидты түйіндерге қатынасы орта есеппен $1,62 \pm 0,06$ құрайды және герминативті орталығы бар лимфоидты түйіндердің $2,50 \pm 0,13$ басым екені байқалды. Паракортес жұмыртқа тәрізді пішінге ие және қыртыспен мидың шекарасында $5,60 \pm 0,25$ аумақты алады (сурет 9, кесте 4).



а)



б)

Қалыпты жағдайдағы паракортес. Гематоксилинмен және эозинмен боялған

Үлкейту А- $10 \times 0,25$; Б - 10×20

Сурет 9 - Бақылау тобындағы егеуқұйрықтардың мойын лимфа түйінінің қыртысы мен миды қабатының арасында орналасқан паракортес


Кесте 4 - Қалыпты және гипотиреоз кезіндегі мойын лимфа түйінінің құрылымы және көрсеткіштері

Лимфа түйіндерінің құрылымдары мен көрсеткіштері	Бақылау тобы	Тәжірибелік гипотиреоз	
		2-ші группа 15 күн	3-ші группа 30 күн
Капсула	1,30±0,05	0,80±0,03	0,89±0,03
Субкапсулалық синус	0,82±0,09	0,33±0,04*	0,30±0,04*
Қыртысты қабат	2,41±0,14	1,61±0,12	1,38±0,12
Герминативті орталығы жоқ лимфоидты түйіндер (Ф ₂)	1,62±0,06	1,08±0,14*	0,98±0,13*
Герминативті орталығы бар лимфоидты түйіндер (Ф ₁)	2,50±0,13	1,80±0,40*	1,48±0,39*
Паракортекс	5,60±0,25	4,08±0,42* ^o	3,78±0,42* ^o
Жұмсақ тін	7,31±0,36	6,80±0,29	6,69±0,29
Милы синус	2,11±0,15	3,88±0,28** ^o	4,41±0,27** ^o
Лимфа түйінінің жалпы көлденең қимасының ауданы	23,67±1,23	20,90±1,69 ^o	19,91±1,69 ^o
Қ/М индексі	1,07±0,02	0,81±0,05* ^o	0,57±0,05* ^o
Ф ₁ /Ф ₂ индексі	1,54±0,07	1,52±0,26*	1,51±0,26*
Ескерту - *бақылаумен салыстырғанда, p<0,05*; p<0,01**			


Мерказолилді қабылдағаннан кейін лимфа түйіндерінің милы затының милы синус аймағының статистикалық маңыздылығы 1,5 есеге ұлғайғанын байқадық. Мерказолилді қабылдағаннан кейін туындаған милы синус аймағының ұлғаюы лимфа түйіннің лимфоидты паренхимасының төмендеуімен байланысты (кесте 4, суреттер 10 а, б, 11).

Мерказолилді қабылдағаннан егеуқұйрықтарды бақылау тобымен салыстырғанда лимфа түйіндерінің жалпы ауданы 11,70- 15,9%-ға төмендегенін байқадық. Тәжірибе көрсеткендей, гипотиреоз кезінде мидың қыртысты индексі 0,57±0,05*^o дейін төмендейді, бұл лимфа түйінінің құрылымында милы заттың басымдылығын көрсетеді (кесте 4, сурет 11).

Лимфа түйіндерінің құрылымында өзгерістер байқалады, яғни лимфоидты түйіндердің ішке қарай ығысуы, олардың беткей және терең қыртыстың шекарасында орналасуы.



a)



б)


Қалыптасқан синустар - қуыстар. Мойын лимфа түйінінің құрылымындағы эктопиялық лимфоидты түйіндер. Лимфа түйінінің қыртысты затының төмендеуі кезіндегі млы затының басым болуы. Ол арқылы өтетін интракортикалық синусы бар паракортекс. Гипотиреоз. Гематоксалинмен және эозинмен боялған.

Масштабтау шамамен. 10x0,25; 10x20

Сурет 10 - Тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі мойын лимфа түйінінің гистологиялық құрылымдары

Сонымен қатар, мерказолилді қабылдағаннан кейін герминативті орталығы бар немесе жоқ лимфоидты түйіндердің ауданы 40,8-39,5% төмендейді. Лимфоциттердің тығыз орналасуымен сипатталатын интракортикалық синустар, лимфоидты түйіндер синус саңлауларына бағытталған. Лимфоидты

жасушалар тығыз орналасқан милы затта субкапсулалық синустың ауданы статистикалық түрде 1,08 есе азаяды (сурет 11).



Ординат өсі бойынша: түйіннің негізгі аймақтарының ауданы мкм бойынша. Абсцисса өсі бойынша: түйін ауданы. 1 – қыртысты қабат, 2 – паракортес, 3 – милы синус, 4– Қ/М индексі

Сурет 11 - Бақылау және тәжірибелік гипотиреоз кезіндегі егеуқұйрықтардың мойын лимфа түйінінің құрылымдық-функционалды аймақтарының арақатынасының өзгеруі

Лимфа түйінінің бөлімдерінде капсуланың лимфоидты элементтермен инфильтрациясы жиі байқалады. Мерказолилді қабылдау кезінде паракортестің мәні статистикалық түрде 1,82 есеге төмендейді.

Паракортикальды аймақтың көлемінің төмендеуі салыстырмалы болып табылады, өйткені ол синустардың пайда болуына байланысты болады. Мерказолилді қабылдау жағдайынан кейін қан тамырлары қанмен толады, бұл лимфа түйіндерінің васкуляризациясының жоғарылауын көрсетеді.

Мерказолилді енгізгеннен кейін бір ай ішінде лимфа түйіні аймағының ұлғаюы орын алады, бұл лимфа түйінінің қыртысты және милы құрылымдарының біркелкі дамуына әкеледі. Алынған нәтижелер қалқанша бездің құрылымдық жағдайын зерттеген басқа авторлардың нәтижелерімен сәйкес келеді және оның гипотиреоз кезіндегі функционалды белсенділігінің әлсіреуін көрсетеді [196].

Осылайша, мерказолилді қабылдау қалқанша безінің және мойын лимфа түйінінің морфофункционалды күйінің бұзылуына әкеледі. Лимфа түйініндегі қыртысты-милы қабатындағы милы заттың басым болуы және қыртысты заттың көлемінің азаюымен сипатталады.


3.3 Гипотиреоздың лимфа тамырлары мен мойын лимфа түйіндерінің адренергиялық жүйкеленуіне әсері

Бұл бөлімде бақылау жануарлары мен эксперименттік гипотиреоз топтарының қалқанша безінің, қан және лимфа тамырларының және лимфа түйіндерінің адренергиялық иннервациясын зерттеу бойынша материал берілген. Зерттеу нәтижесінде егеуқұйрықтың қалқанша безі екі бөлек ұзартылған бөліктерден тұратыны анықталды. Тіндік деңгейдегі интактілі егеуқұйрықтар тобында қалқанша безі автономды қанайналым жүйесі бар фолликулалар тобынан тұратын тамырлы-функционалды бірлік болып табылады. Ішкі секреция безі ретінде қалқанша безі қанмен қамтамасыз етілген. Егеуқұйрықтың қалқанша безі адамның қалқанша безінің қанмен қамтамасыз етілуінен айырмашылығы, тек екі артериямен қоректенетініне қарамастан, оның тығыз капиллярлық торы бар [194].


Қалқанша безі мен лимфа түйіндерінің құрылымы бақылаумен салыстырғанда мерказолилді қабылдағанда кейбір сапалық өзгерістерге ұшырайтыны белгілі, ол фолликулалардың диаметрінің, жалпы көлемінің, коллоидты және фолликулярлық эпителий көлемінің кішіреюімен көрінеді [194].

Флуоресцентті-микроскопиялық зерттеу әдісінің нәтижелері адренергиялық жүйке талшықтары безге жақындаған қан тамырларының айналасында темірге сәйкес келетін жүйкеленуін түзетінін көрсетті. Қалқанша безді қамтамасыз ететін қан тамырларының иннервациясының көптігіне қарамастан, біз қалқанша без тінінде адренергиялық талшықтар желісін таппадық. Қалқанша без тінін қоректендіретін артериялық тамырларға бағытталған жалғыз адренергиялық жүйке талшықтары ғана без тінінде таралуы мүмкін.

